Бұқаралық ақпарат құралдарына тән екі түрлі функциялары бар, біріншісі ақпараттандыру және екіншісі көзқарасты қалыптастыру болып табылады. (Гарбузняк, 2015). Яғни, үстінде берілген ақпарат негізінде қалыптасқан интерпретация, бір жағынан, хабардар етсе, екінші жағынан, бейнеленген шындыққа деген белгілі бір қатынасты білдіреді. Бұл жерде көріп тұрған бір жәйт, Tengrinews.kz тек хабардар етпейді, халыққа үкіметке ыңғайлы ақпаратты ұсынып отыр және бұл фактор саяси күн тәртібін құрастыру негізінде түсіндірілуі мүмкін. Ресми, биліктің сөзіне сүйене отырып жазылған ақпарат, өкінішке орай, қоғам дискурсында сапалы, альтернативті көзқарастың туындауына кедергі жасайды. (Сосунов, 2017b)

Бұл жердегі Tengrinews.kz-тың Тоқаевтан алған нарративтерді келесі жолмен айқындасак болады, өз жолдауында Тоқаев "үшінші күштер", "тәртіпсіздіктер", "ланкестер", "террористтер", "Жаңа Қазақстан", "билікті басып алу әрекеті", "дискредитация", "дестабилизация" деген сөздерді жиі қолданады. Бұл сөздер қаңтар оқиғасында билікті ақтап, жауапкершіліктің бәрін ланкестер мен шерушерлерге арту үшін қолданылады. Бұны біз тіпті салыстырмалы анализ кезіндегі байқаған мақалалардың тақырыбында көре аламыз. Себебі осы бағыттағы мақала статистикалық тұрғыдан жарияланбаса, Тоқаевтың іс-әрекетін мадақтаған мақала жарияланады. Мәселен, Орталық Коммуникация қызметтері тақырыпқа тыйым салғанда, ақпараттық агентікте тыныштық пайда болады, ал жолдаудың алдында Тоқаев туралы мақала шықты. Айтакетерлік жәйт, негізі қаңтар оқиғасынан кейін Өңірлік Коммуникация Қызметтеріне Тоқаев туралы күніне кемінде бір жаңалық шағарып отыру туралы бейресми бұйрық келді.

Azattyq-ты айтып кетсек, ол жердегі "тәртіпсіздіктер" нарративі "дүрбелең", "бейбіт шеруден басталып, наразылыққа айналған", "митинг" деген сөздерді көп

есе қолданады. Сонымен қатар, биліктің халыққа от жаудырғаны, тергеу барысындағы зәбірлеуге, әділетсіз не әділетті сот үкімдеріне көп назар аударылған. Тағы бір байқалған өзгешелік, Tengrinews.kz human story-ге негіздеп жазған мақалалары көп, әсіресе ұлттық ұлан және әскергедегі жігіттер туралы. Мысалы, фотосы бүкіл Республикаға тараған Ұлттық Ұлан әскері Шахрух Хасанов туралы хикая. (Долаева, 2022)

Кестеде берілген ақпаратқа сүйенек, Қаңтар оқиғасы медиа арқылы халыққа тәртіпсіздіктер ретінде тарады, ал Тоқаевтың басты месседжі Қаңтар оқиғаларын үшінші күштер ұсынған арам пиғылын, алаңға шыққан кілең бүлікшілер мен содырлар арқылы орындату. Яғни, нарративтері сондай ой тұғызады, өйткені кестедегі бірінші мақала президенттің халыққа жолдауы. Алайда нарративтердің бәрн халық арасында сәтті тарады деп айтуға болмайды. Себебі "Арам пиғылы", "Үшінші күштер", "радикалды күштер", "билікті басып алуға әрекеттену", "Жаңа Қазақстан" катеогориялар бойынша актықтар көп.

Қазақстандағы Қаңтар оқиғасын мысалға ала отырып, ақпараттық құрылымдар бойынша бұрын жүргізілген жұмыстардың аясында және мемлекеттік күн тәртібін қолдау мен құрудың кеңірек зерттеулері аясында 2022 жылғы бүкіл толқулар туралы идеологиялық ақпаратты таратуға арналған редакциялық мақалалардың кейбір қасиеттері қарастырылады. Жалпы, редакциялық мақалалар үш негізгі санатқа бөлінгені анық: оқиғаларды анықтау және бағалау, болашақтағы «тәртіпсіздіктерді» болдыру немесе болдырмау үшін қабылданатын әрекеттер туралы ұсыныстар немесе мораль.

Осы идеяны қолдаған мақалалар, дүрбелең кезінде террористердің билікті басып алуға бағытталған қылмыстық әрекеттері ретінде дәйекті түрде анықталады және бағаланады. Бұндай түсініктеме, бұған дейін мемлекеттік сатып алу аясында мемлекет тарапынан қаржыландырылған редакцияларда жиі байқалады, ал табыс көзі неғұрлым тәуелсіз редакциялар жеке күн тәртібін белгілейтінін де айта кеткен жөн. Бірінші нұсқада, журналистер редакциялық мақалаларда әлеуметтік-экономикалық түсіндірулерді ұсынбайды.

Аргументтік талдау заң үстемдігінің идеологиялық құндылық «Қазақстан VS Лаңкестер» схемасы бойынша ұйымдастырылған және қатысушылардың немесе институттардың барлық топтарының өкілдік схемасы тұрғысынан одан әрі талданады.

Мысалы, полицияның өзі де құрмет пен қолдауға лайық тәртіпті күштер ретінде де, құрбандар ретінде де ұсынылған. Бұл үрдісті әсіресе Қасым-Жомарт Тоқаевтың арнауларынан аңғаруға болады.

3.1. Үкімет нарративтері

Контент-анализға категорияларды анықтау үшін, сонымен қатар мақалалардағы таралған Қасым-Жомарт Тоқаевтың нарративтерімен тереңірек танысу үшін, сол кездегі Президенттің жолдаулары мен сұхбаттарына назар аудару маңызды. Сондай-ақ, таңдалған медиалардағы бірнеше материалдарды оқып, ақпаратқа ортақ немесе жат бірліктерді тауып біріктіру, зерттеуде белгілі бір негізгі баяндау бірлігі оқиға – бұл жерде Қаңтар оқиғасы – болып және сол жайлы ақпараттағы коммуникацияның қалай жүретінін түсінуге болады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз жолдауында Қаңтар оқиғасын сүреттеу үшін келесі (Кесте 2.1) сөздерді қолданды, ол сөздерді лексикалық бірлік ретінде белгілеп, Тоқаевтың бөлек нарративтері ретінде қарастырылды. Бірлік ретінде тек бір сөзді/сөз тіркестерін ғана санамай, мағынасы бірдей немесе синонимдерді де атап, санап және логикалық қорытынды жасауға болады. (Аватаева & Болдина, 2017)

Айтып кететін мәселе, Тоқаев өз жолдауында Қазақстандағы интернет не үшін бұғатталатынын атап өтті. Себебін былай түсіндіреді, интернет шолақ белсенділердің жауапсыз әрекеттерінің кесірінен, халыққа зиянын келтіргенін алдын алу үшін бұғатталады, сол себепті кейбір баспасөздер ақпаратты тарата алмай қалатыны анық. Nola News мысалында. Бұл тенденция авторитарлық теорияға сай, ол жерде билік азаматтардың келешегін ойлап, ізгі ниетпен баспасөздерге тікелей өз билігін жүргізе алады, тіпті лицензиясын да алып алуы әбден мүмкін. (Шиберт, Петерсон, Петерсон & Шрамм, 1956а)

Енді, контент-анализге келсек, лексикалық бірлік ретінде президент жолдауындағы бір неше рет, акцент берілген сөздер алынды. Қасым-Жомарт Кемелұлының жолдауындағы логикалық салдарын зерттесек, Қаңтар оқиғасы туралы адамда келесі фрейм пайда болады, Қаңтар оқиғалары ел санасында қайғылы жағдай ретінде қалыптасқан. Сонымен, наразылық кезінде алаңға шыққан адамдарды содырлар араңдатушылық ұрандарын насихаттап бейбітшілік митинг емес, қаладағы конституциялық тәртіпті бұзуға шақырған. Ал содырлардың өздері идеологиялық диверсия жасау үшін әбден жаттыққан, жалған ақпараттар мен «фейктер» таратуды шебер меңгерген және адамдардың көңіл-күйіне ықпал ете алатын мамандар ретінде сипатталған және оларды дайындаумен және басқарумен біртұтас командалық пункт айналысқанны мәлімдеді.

Ал құқық қорғаушылар мен армия елдегі бейбітшілікті орнатуға барынша тырысқан, азаматтарды лаңкестерден қорғады және билікпен бірге мемлекеттегі демократияны орнатуға ілгерлеткен. Тағы бір айтып кететін мәселе, қарулы күштер және бейбіт тұрғындар және олардың синонимдері жолдауда бір деңгейде

қолданылған, екеудің 5 рет қолданылған. Бұл тенденция, Тоқаевтың сол кездегі халықты үш топқа бөлгені айқын, олар: содырлар, тұрғындар және қарулы күштер.

Сонымен қатар, халық арасында бітімгерлік күштерді шақырған кезде халық ішінде дүрбелең пайда болғаны бәріне мәйлім, сол үшін өз жолдауында Президент олардың еліміздегі стратегиялық нысандардың қорғалуын және қызметін қамтамасыз ету үшін қысқа мерзімге келгенін айтып кетті. Соңында, мемлекет басшысы ескертусіз оқ атуды бұйырғанда, халықтың нараз болғанына да жауап берді, ол кісінің айтуынша қарулы күштер лаңкестерге қарсы операция жүргізіп жатыр екен.

Кестеде берілген ақпаратқа сүйенсек, қаңтар оқиғалары медиа арқылы халыққа тәртіпсіздіктер ретінде тарады, ал Тоқаевтың басты месседжі қаңтар оқиғаларын үшінші күштер ұсынған арам пиғылын, алаңға шыққан кілең бүлікшілер мен содырлар арқылы орындату. Яғни, нарративтері сондай ой тұғызады, өйткені кестедегі бірінші мақала президенттің халыққа жолдауы. Алайда нарративтердің бәрн халық арасында сәтті тарады деп айтуға болмайды. Себебі "Арам пиғылы", "Үшінші күштер", "радикалды күштер", "билікті басып алуға әрекеттену", "Жаңа Қазақстан" катеогориялар бойынша ақтықтар көп.

Карибаева және Лемон өз ғылыми жұмысында Тоқаевтың үндеулеріне дискус-анализ жасаған, ол жерде Тоқаев "сондықтан" және "осыны ескере отырып" сияқты қосқыштарды аудиторияны өзінің ой-өрісі, іс-әрекеттің артындағы логика арқылы бағыттау үшін пайдаланды, осылайша мемлекеттің реакциясын қазіргі проблеманы (хаос пен қауіпсіздіктің жоқтығын) қажетті нәтижемен (тәртіп пен қауіпсіздік) жеңу құралы ретінде пайдаланды.). Бұл фреймдер тізбегі нарративтер құрудың маңызды салдары болды. Мәселені бейбіт тұрғындар мен мемлекеттің қауіпсіздігіне қауіп төндіретін қауіп ретінде қарастырудан бастап, Тоқаев мәселенің шешімін ұсынбас бұрын алаңдаушылық пен қорқыныш сезімін оятты. Осылайша тұжырымдалған кезде, "ескертусіз өлтіруге оқ атуға" рұқсат беру сияқты түбегейлі шаралар енді соншалықты радикалды болып көрінбейді. (Lemon & Karibayeva, 2023c)

Кесте 3.1. Президент Тоқаевтың үндеуінде таратылған нарративтер

Лаңкес/содырлар/қанышерлер/террористер/қылмыскерлер	18
Заңдылық/заң/конституциялық заң/Лаңкестікке қарсы операция	12
Құқық қорғау және армия/қарулы күштер	5
Азаматтар/бейбіт тұрғындар	5
Бітімгерлік күштерін	2
Қайғылы жағдай	4
Демократия мен адам құқығы/Бейбітшілік	3
Құқықтық вандализмні/Тәртіпсіздіктер/Тәртіпті бұзу/Идеологиялық диверсия/Арандату/арандатушылық/арандату ұрандары	8
Әлеуметтік-экономикалық мәселелер/экономика	3

Дереккөз: Автор контент-анализінің негізінде құрастырған

Алайда, бұл жерде Тоқаевтың жолдауы (2.1 кесте) мен сұхбатын (2.2 кесте) салыстырғанда бөлек идея пайда болады. Мысалы, өз жолдауында Тоқаев құқық қорғаушылар мен армия елдегі бейбітшілікті орнатуға барынша тырысқан, азаматтарды лаңкестерден қорғады және билікпен бірге мемлекеттегі демократияны орнатуға ілгерлетуге тырысты деп мәлімдеді. Ал, Қазақстан телеарнасына берілген эксклюзивті қазақ тіліндегі сұхбатында, күштік құрылымды да іс-әрекетті шын мәнінде Тоқаев билікті басып алу әрекетінің алдын алып, реформалар арқылы демократия орнату мақсатына жетуге деген құрал ретінде қарастырып отыр. Сонымен қатар, тағы бір айтып кететін мәселе, қарулы күштер, бейбіт тұрғындар және олардың синонимдері жолдауда бір деңгейде қолналыда, екеуіде 5 рет қолданылған. Бұл тенденция, Тоқаевтың сол кездегі халықты үш топқа бөлгені айқын, олар: содырлар, тұрғындар және қарулы күштер. Ал өз сұхбатында, қарулы күштерді көп айтпай, тек тергеу жүргізіліп жатқанын айтып

кетті де, адамдарды келесі категорияларға бөліп шықты: өзі, лаңкестер және бейбіт тұрғындар.

Осы идеяны өз зерттеулерінде Лемон мен Карибаева деген ғалымдар байқады: *"Тоқаев өз сөзін жергілікті жердегі қазіргі жағдайдың қысқаша мазмұнымен бастады. Ол оқиғаларды бірнеше фреймдер арқылы баяндады. Біріншіден, ол бұл оқиғаларды елдегі жағдайды тұрақсыздандыруға тырысқан "террористер" жасаған деп атады. Тоқаев наразылық акциясына қатысушыларды бірнеше рет "бандиттер" (бандиттер), "тонаушылар" (тонаушылар), "террористер" (террористер), "қарақшылар" (қарақшылар) және "билікті басып алуға" ұмтылған "шетелдік жауынгерлер" (зарубежные боевики) деп атады. Тоқаев айтқандай, "қарақшылар, лаңкестер Алматыға сырттан келген. Мақсаты белгілі: кісі өлтіру, қорқыту, дүкендерді тонау, әйелдерді зорлау және ақыр соңында билікті асыра пайдалану". Екіншіден, ол тәртіпсіздіктерді қоздырған топтар үкіметті құлату үшін жақсы жоспарланған қастандықтың бір бөлігі ретінде ұйымдастырылғанын атап өтті."* (Lemon & Karibayeva, 2022c) Сонымен қатар, ғалымдар Тоқаев оқиғаны түсіндіре отырып, Тоқаев кінәні өзінен бұрынғы Нұрсұлтан Назарбаевқа жүктегенін де атап шықты.

Президент Тоқаевтың осы кейіптегі нарративтерін басқа да ғалымдар белгіленен, мысалы Карибаева және Лемон былай жазады: *"Мемлекет жалпы халықтың мүддесі үшін әрекет ете отырып, мемлекетті жердегі жағдайға тек тактикалық әрекет етуші ретінде көрсету арқылы өз жауаптарын негіздейтін және ізгілендіруге негізделгенін баяндады. Үкімет дағдарыс кезінде қабылдаған шараларын негіздейтін гегемониялық әңгімені жазуға тырысты, оқиғаны кері қайтаруға жауап ретінде түзетін, толқуларды «Жаңа Қазақстанды» бастайтын оқу сәті деп атады"*. (Karibayeva & Lemon, 2022d)

Олардың айтуынша, Тоқаевтың белгілі бір фреймды алға тартуын легитимизация негізінде қарастыруға болады, демек бұл арқылы халықтың режимге «белсенді келісімін, ережелерді сақтауын, пассивті бағынуын немесе жай ғана шыдамдылығын» қамтамасыз етуге тырысады, бұл әдісті Президент үндеулер арқылы жасап отырды, себебі бұл әдіс үш жол арқылы жүзеге асады: үкіметтің жұмысы, идеологияның таралуы, мемлекет бақылайтын нарративтер және сыртқы легитимизация. (Gerschewski, 2013, 18 б.; Gerschewski & Dukalskis, 2017; Омеличева, 2016).

Кесте 3.2. Президент Тоқаев өз сұхбатында фокус ұстаған нарративтер

Араңдатушылар/Лаңкестер/бұзақылар/қылмыскерлер /бүлікшілер/қарақшылардың	30
Халық/бейбіт тұрғындар/азаматтарымыз/отаншыл азаматтар/ Қарапайым азаматтар өздерінің сүйікті қаласын	13
Билікті басып алу әрекеті/төңкеріс/террористтік акт/билікке шабуыл жасау/тұтастығын бұзу, халықты қорқыту/билікті құлату	8
Егемен/Дербес	9
Мен/Менің	32
Реформа/Өзгерістер	6
Тергеу жұмыстары	10
Ақиқат	3
ҰҚШҰ	2
Мақсат	10
Демократия	2
Мүдде	8

Дереккөз: Автор контент-анализінің негізінде құрастырған

Осы анализдегі көзге түсетін бір нәрсенің бірі, өз сұхбатында Тоқаев "мен" және "менің" деген сөздерді 32 рет қолданған, контекст ішінде сұхбат беруші шешімдері мен жетістіктерді баяндаған кезде "менің тапсырмам бойынша", "менің басшылығыммен", "менің бастуыммен", "мен тапсырыс бердім", "мен реформа істеуді ұсындым" және тағы басқа тіркестерді қолданады, осыған орай келесі ассоциация пайда болады: мемлекет басшысы Қантар оқиғасы кезінде содырлар мен лаңкестер төндірген қауіпті жалғыз өзі, өзіне сеніп жеңіп шықты. Мәселен, Тоқаев болмаса, оқиғалардың да салдары басқаша болатын еді деген ой келеді. Бұл құбылысты былай түсіндіруге болады, мәтін жасау процесі (сөйлеу өндірісі) сөйлеуші бұрыннан қолданылған белгілі бір тілдік құралдардың қайталануын

камтиды. Сөздің қайталануына негізделген фразеологизацияланған синтаксистік үлгілердің (сөз тіркестерінің) кейбір түрлері әдебиет пен газет мәтіндерінен сөйлеушінің сөйлеу әрекетіндегі ресми бірлестіктердің рөлін көрсететін көптеген мысалдар, процестің санадағы әртүрлі дәрежедегі хабардарлығы (басқару) туралы қорытынды жасалады.

Сонымен қатар, Тоқаев бүлікшілерді сипаттаған кезде “лаңкес” және тағы басқа сөздерді жалғыз қолданбайды, ол суреттемені ылғи жұптап немесе қатарластырып береді, мысалы “лаңкестер мен қарақшылар”, “қылмыскерлер мен лаңкестер”, бұл мәтіннің адам санасына әсерін күшейтеді. Негізінен, қайталау газет мақаласының мәтіндегі экспрессивтіліктің лингвистикалық категориясын жүзеге асыру құралы ретінде пайдалынады, себебі автор газет мәтіндегі әртүрлі қайталаулардың көмегімен тілді ақпарат беру құралы ретінде қолданудың тиімділігіне және адресатқа белсенді эмоционалды әсерге қалай қол жеткізілетінін көрсетеді.

Бұндай тенденция, Тоқаевтың ҰҚШҰ туралы берілген кездегі цитаталарында да байқалады. Жалпы, халық арасында бітімгерлік күштерді шақырған кезде халық ішінде дүрбелең пайда болғаны бәріне мәйлім, сол үшін өз жолдауында да, сұзбатында да Президент олардың еліміздегі стратегиялық нысандардың қорғалуын және қызметін қамтамасыз ету үшін қысқа мерзімге келгенін айтып кетті. Мәселен, Тоқаев сұхбатында бітімгерлік күштер туралы жазған кезде “Ресей және Қазақстан” дегендерін бөлмей, серіктестікігі мен достыған көрсетуге тырысты, ол жерде *“Қазақстан мен Ресей арасында мәңгі тату көршілік”* немесе *“Қазақстан мен Ресей арасында мәңгі тату көршілік”* сөздер арқылы көрсетті. (Долаева, 2022)

Тағы айтып кететін мәселе, “Жаңа Қазақстанды бірге құрайық” дегенге де, Тоқаев қызық шолу жасады: *“Жалпы, кез-келген қиындықтың артында үлкен мүмкіндіктер тұр. Қытай тіліндегі “дағдарыс” деген сөздің “жаңа мүмкіндіктер” деген мағынасы бар. Осы ретте біз де күш-қуатымызды Отанымызды өркендетуге жұмсайық”*. (Долаева, 2022) Мына жерде, Тоқаев жолдауларындағыдай Қаңтар оқиғасына қасірет ретінде емес, жаңа мүмкіндік ретінде қарағанын түсіндірді.

Қорытынды негізінде, Тоқаевтың сұхбатынан келесі түйіндемеге келуге болады: қаңтар оқиғалары кезінде екі тарап бір-бірімен тартысты, олар: Тоқаевтың идеологиясына қарсы шыққан лаңкестер мен Тоқаевтың өзі, және ақиқатқа жету мен реформаларын орындатуға керек құралдары. Осындай анализдің маңыздылығы, айтылған мәселе мен адамның бейнесін құрып, жалпы адамның санасында белгілі бір фреймді белгілеп, триггер жасаған сайын адам санасына тереңдетіп түсіреді. (Дензин & Келлер, 1981a) Билік тарапынан осындай фреймдерді сөз, сөз-тіркестер және сипаттау арқылы жасайтыны жаңалық емес.

Мысалы, осындай құбылыс Ұлыбританиядағы Брикстон көтерілісі кезінде де болған. Мәселен, көтеріліс нәсілшілдіктің нағаяуына әкелді деген тұжырым да бар, себебі Лорд Скарман 1981 жылғы Брикстондағы тәртіпсіздіктер туралы баяндамасында әлеуметтік саясатқа және этникалық азшылықтардың қажеттіліктерін анықтаудағы және оларға жауап берудегі орталық және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының рөліне қатысты бірқатар ескертулер жасады, алайда құзыретті органдар нәсілдік қолайсыздық туралы бір мезгілде дерлік баяндамасында сипатын толық көрсету мүмкіндігін пайдаланбаған екен. (Беньон, 1984с)

Солай-ақ, азшылық істеріндегі немқұрайлылық келесі көтерілістер кезінде бүкіл нәсілге стигма болды, мысалы тәртіпсіздіктер дәйекті түрде анықталады және бүкіл қара қауымдастыққа жүктелмесе, жас афро-кариб теңізі еркектерінің қылмыстық әрекеттері ретінде бағаланады және де редакциялық мақалалардағы әлеуметтік-экономикалық түсініктемелер де болған жоқ. Сонымен қатар, полиция құрбандық ретінде және құрмет пен қолдауға лайық тәртіп күштері ретінде ұсынылған. Негізінен дәлелді талдау нәтижелері заң құндылықтарының идеологиялық жүйесі және белгілі "АҚШ-қа VS олар жұп" қағидасына сәйкес ұйымдастырылған қатысушылардың немесе институттардың барлық топтарының өкілдік ету тәртібі мен схемасы тұрғысынан талданады. (Ван Дейк, 1989d)

Айтып кететін мәселе, Тоқаев өз жолдауында Қазақстандағы интернет не үшін бұғатталатынын атап өтті. Себебін былай түсіндіреді, интернет шолақ белсенділердің жауапсыз әрекеттерінің кесірінен, халыққа зиянын келтіргенін алдын алу үшін бұғатталады, сонымен қатар интернетті кәсіби тұрғыда дайындалған лаңкестер, қылмыскерлер өз мүддесіне пайдаланған үшін, интернетті бұғаттауға мәжбүр болды,-деп мәлімдеді президент. (Долаева, 2022) Осы әрекетін әлемдік практика арқылы ақтауға да тырысты. Алайда бұндай құбылыс тек Қаңтар оқиғаларында ғана емес, жәй күндері де болып тұратын практика екенін ұмытпаған абзал, Hola News мысалында. Бұл тенденция авторитарлық теорияға сай, ол жерде билік азаматтардың келешегін ойлап, ізгі ниетпен баспасөздерге тікелей өз билігін жүргізе алады, тіпті лицензиясын да алып алуы әбден мүмкін.

2.2. Tengrinews-те Қаңтар оқиғасына байланысты материалдарға контент анализ

Терең анализ жасамас бұрын, жалпы ақпарат: Tengrinews.kz сайтында тек «Қаңтар оқиғасы» деген тақырыпта қазақ редакциясында 29 мақала жарияланды. Бұл санаттағы соңғы жаңалық 16 наурызда президент Тоқаевтың жолдауымен аяқталады, сонымен қатар осы санаттағы жаңалықтар тек Қаңтар оқиғасына ресми атақ берілген соң, тек соның салдарына ғана сипатталған.

Қанды Қаңтарға байланысты жаңалықтар "*тәртіпсіздіктер*" деген кілт сөз арқылы табылады. Бұл санаттағы Қаңтарға байланысты 8 жаңалық жарияланды. Жаңалықтардың көпшілігі шенеуніктердің хабарламалары, мысалы "Біз үшін үлкен сабақ болуы керек - депутат Айдос Сарым "Қаңтар оқиғасы" туралы" (Сатыбалдина, 2022) немесе "Алматы облысында бейресми жетекшілер болды - әкім Бозымбаев", (Tengrinews, 2022) және мүлік мәселелері бойынша ақпарат. Мысалы, қаңтар оқиғасы кезінде зардап шеккен автокөлік иелеріне шығындар өтелді. Tengrinews-та хабарландыру, сұхбаттар мен адамдардың қаңғыған оқтан қаза тапқаны туралы белгілі жағдайларды, қаза тапқандар санын және оқиғаның ықтимал себептерін шенеуніктердің көзқарасы шеңберінде ғана көрсетілді. Сонымен қатар, өзімнің бакалавриаттағы дипломдық жұмысымда жасалған зерттеулер барысында Tengrinews.kz мемлекеттік тендерлерден ақша алғанын және сол себепті мемлекеттік органдарға тәуелді екенін білемін. Сонымен, жаңалықтардың осы біркелкі тұрғыда берілген себептерінің бірі де сол. Жоғарыда айтылып кеткендей, Tengrinews.kz баспасөзіне жаңалық жариялауға мүмкіндік 07.01.2022 берілді, бірақ оған қарамастан ертерек жарияланған жаңалықтар да бар.

Белгіленген уақыт аралығында жарияланған мәселелелр 2.3. кестеде көрсетілді.

Кесте 3.3. 02.01.2022-11.01.2022 аралығында Tengrinews.kz-те жарияланған мақалалар

1.	<i>Қазақстан тарихында үкімет екінші рет отставкаға кетті</i> (Tengrinews.kz, 2022 b)	05.01.2022	https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakhstan-tarihynda-ukmet-eknsh-ret-otstavkaga-kett-458254/
2.	Қазақстандағы тәртіпсіздік: Желіде тараған фейктер елді дүрліктірді (Tengrinews.kz, 2022	10.01.2022	https://tengrinews.kz/story/kazakstangadyi-tartpszdk-jelde-taragan-feykter-eld-durlktrd-458595/

	d)		
3.	"Дайындық қанша уақыт жүргені тергеуде анықталады". Тоқаев тәртіпсіздіктер туралы айтты (Tengrinews.kz, 2022 c)	10.01.2022	https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/dayyindyik-kansha-uakyit-jurgen-tergeude-anyiktaladyi-tokaev-458679/
4.	"Құпия құжаттарды тастап кетті". Тоқаев ҰҚК департаменттерін сынады (Tengrinews.kz, 2022 f)	11.01.2022	https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kupiya-kujattardy-i-tastap-kett-tokaev-ukk-departamenttern-458800/
5.	Алматыдағы тәртіпсіздіктер кезінде дүкенге шыққан зейнеткер 5 күннен бері табылмай жатыр (Tengrinews.kz, 2022 e)	11.01.2022	https://tengrinews.kz/events/almatyidagyi-tartpszdkter-keznede-dukenge-shyikkan-zeynetker-458861/
6.	"Арасында мастар	12.01.2022	https://tengrinews.kz/kazakhstan_new

	<i>бар". Алматыда қарулы топты алаңға жеткізген жүргізуші оқиғасын баяндады (Tengrinews.kz, 2022 g)</i>		s/arasyinda-mastar-bar-almatyida-karulyi-toptyi-alanga-458865/
7.	<i>"Пакет ұстап әйелдер де жүр". Қарақшылар шабуылдаған дүкен сатушысы қазіргі жағдайды айтты (Tengrinews.kz, 2022 h)</i>	12.01.2022	https://tengrinews.kz/story/paket-ustap-ayelder-de-jur-karakshyilar-shabuyildagan-duken-458966/
8.	<i>"Қазақстан қалаларындағы митинг: талаптар, ұстаулар және мәлімдемелер"(Tengrinews.kz, 2022 a)</i>	05.01.2022	https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakhstan-kalalaryyndagyi-miting-talaptar-ustaular-jane-458228/

Дереккөз: Автор Tengrinews.kz баспасөзінде жарияланған мақала негізінде құрастырған

Tengrinews.kz-тегі Қанды Қантар туралы жазылған бірінші мақала, сол жылғы қаңтардың 5-інде жарияланған. Бұл жердегі басты тақырып, үкіметтің – Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтан кейінгі – Қауіпсіздік кеңесі төрағалығынан кетті және Тоқаевтың оқиғалар кезіндегі қабылданған шешімдері туралы айтылды: *"Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке тиісті тапсырма берді. Өңірдегі жанар-жағармай құю бекеттерінің қожайындары өз бастамасымен газ литрін 120 теңгеден 85-90 теңгеге дейін арзандату туралы шешім шығарған. Кейінірек Қасым-Жомарт Тоқаевтың*

тапсырмасымен комиссия құрылған болатын."(Tengrinews, 2022a) Жаңалықтың үзіндісіне қарағанда, бұл жердегі фокустың көбісі Тоқаевтың атқарған ісіне және істерінің салдарына назар аударылған, көп есе қолнанылған сөздер *"тапсырма берді", "шешім шығарған", "Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен"*.(Tengrinews, 2022a)

Осы мақалада Қаңтар оқиғасы *"бүлік"* және *"наразылық шаралары"* ретінде сипатталған, оны келесі үзінділерден білуге болады: *"елде болып жатқан наразылық шараларына байланысты..."* және *"бүлік шығара бастаған..."*. (Tengrinews, 2022a)

Екінші жаңалық қаңтардың 10-ы күні жарияланған, ол жердегі ақпарат дүрбелең кезіндегі тараған фейктер туралы жазылған. Қызық жері бұл мақалада Қаңтар оқиғасы тәртіпсіздіктер ретінде сипатталған: *"Қазақстан қалаларындағы тәртіпсіздіктер кезінде..."*, *Желіде тәртіпсіздіктерге..."*, *"Елдегі тәртіпсіздіктер кезінде..."*, *"Қазақстанда тәртіпсіздіктер басталып жатқанда..."*. (Tengrinews, 2022b)

Ал бүлікке қатысқандар *"қаскөй"* деп айтылады: *"қалада қаскөйлер..."*. Ақпараттың көбісі мемлекеттік органдардың ресми мәлеметі бойынша жазылған. (Tengrinews, 2022b)

Келесі жаңалық та сол күні жарияланған, бұл жердегі ақпарат ҰҚШҰ саммиті барысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі ахуал туралы айтқан сөздері туралы жазылған. Демек, бұл жаңалық та ресми өкілдердің сөзіне сай жазылған екенін ескертемін. Тоқаевтың жоғарыда көрсетілген нарративтері саммиттегі сөзінде де кездеседі, Қаңтар оқиғасына қатысқандар *"деструктив топтар"* мүшелері, ал оқиғаның өзін сипаттау үшін *"тәртіпсіздіктер"* сөзі қолданылады: *"Деструктив топтар елдегі тұрақтылықты бұзып, тәртіпсіздіктерді орнату әрекеті жасалды"*. (Tengrinews, 2022c)

Келесі жаңалық қаңтардың 11-і жарияланған, ол жерде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі дүрбелең кезінде ҰҚК департаментінің басшыларын сынға алды. Бұл жерде де оқиғалар *"тәртіпсіздік"* ретінде сипатталған: *"елдегі тәртіпсіздіктер кезінде ұрысқа қатыспай, ғимаратты тастап кетіп қалған ҰҚК департаментінің басшыларын сынға алды..."*. (Tengrinews, 2022d)

Айта кетерлік жайт, осы сөздерінде Тоқаев ел арасында Қазақстанның әскери дайындығы төмен деген кең тараған ойды жоққа шығаруға ниеттелгенін байқауға болады: *"департаментінің басшылары жеткілікті әскери арсеналға қарамастан, ұрысқа қатыспай, қару-жарақ пен құпия құжаттарды сол жерде қалдырып, ғимараттарды тастап кетті"*.(Tengrinews, 2022d)

Сол күні кешке екінші мақала жарияланды, бұл жердегі ақпарат дүрбелең кезінде бес күн бұрын жоғалып, әлі табылмаған зейнеткер туралы жазылған. Бұл жерде де

оқиға "тәртіпсіздік" ретінде сипатталған: "Алматыдағы **тәртіпсіздіктер** кезінде зейнеткер...", "**тәртіпсіздіктер** кезінде...". (Tengrinews, 2022e)

Дәл сол күні кешке тағы бір жаңалық жарияланды, ол ақпарат дүрбелең кезінде қайтыс болған режиссер Сәбит Битайдың соты туралы. Ақпарат ішінде, шеруге қатысушыларды *лаңкес*, *радикалдар* ретінде, ал оқиғаның өзін *тәртіпсіздік* ретінде сипатталады: "Алматыда **лаңкестер** қазақстандық режиссер Сәкен Битайды атып өлтірді". (Tengrinews, 2022f)

Жаңалық журналист Данияр Әділбековтің сөзіне сүйеніп жазылды. Түпнұсқасында келесі жолдармен жазылған: "Алматыда мародерлер Сәкен Битайды атып өлтірді. Өкпесіне оқ тиіп, оқиға орнында жан тапсырды. (Tengrinews.kz, 2022h) *Жедел жәрдем келіп те үлгермеді*", алайда тілшілер өз мақалаларында "*радикалдар*" және "*лаңкестер*" деген сөздерді қолданып, тағы да Тоқаев белгідеген нарративтерді таратты: "*режиссер **радикалдардың** шабуылына тап болған*". (Tengrinews, 2022f)

Қызық мәлімет, осы баспасөздің тілшісі алғаш рет болған оқиғаны былай түсіндірді: "*бейбіт шерудің шырқын бұзған бүлікшілерді...*". (Tengrinews, 2022f)

Қаңтардың он екісінде екі жаңалық жарияланды. Біріншісі дүрбелеңге қатысушыларды еркінсіз тасымалдаған Ғалымжан есімді кісінің хикаясы, бұл жерде тілші оқиғаны "*тәртіпсіздіктер*" кезіндегі "*бұзақылардың*" әрекеті ретінде сипаттаған: "*қалада жаппай **тәртіпсіздіктер** белең алғанда*", "*Бұзақылар биліктен не сұрап отыр?*". (Tengrinews, 2022g)

Сол күні соңғы жарияланған ақпарат дүкен сатушысының әңгімесі. Бұл жерде де тілші оқиғаны сипаттау үшін "*тәртіпсіздіктер*" деген сөзді қолданады, ал бүлікшілерді сипаттау үшін "*қарақшылар*" деген сөзді пайдаланды: "Алматыдағы тәртіпсіздіктер", "Алдымен қарақшылар", "қаскөйлер".

Келесі жаңалық "митинги" санатында жарияланған, бесінші қаңтар күні. Бұл жерде тілші Қаңтар оқиғасының хронологиясын баяндап берген. Бұл жерде тілші оқиғаны сипаттауы үшін келесі сөздерді қолданады: "митинг", "наразылық акция", "рұқсат етілмеген митинг". Қатысушыларды сүреттеу үшін сол кездегі Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың сөздерін қолданады: "*арандатушылар*", "*экстремистер*", "*бүлік салушылар*". Осы мақалада да Тоқаевтың тапсырмалары тізбектеп жазылғаны туралы айтып кеткен жөн. (Tengrinews.kz, 2022h) Ғалымдардың айтуы бойынша, президенттің оқиғаны түсіндіруі, қарапайым Қазақтар бұл тәртіпсіздіктерге жауапты бола алмады деген пікірді алға тартады. Оның мәлімдемесі Сонымен қатар Қазақстанды Исламдық радикалдануға негізінен дұшпандық танытатын ел ретінде көрсететін қолданыстағы әдебиеттерге қайшы келеді (Омеличева, 2016; Thibault & Tastaibek, 2023b). Алайда оның мәлімдемесін растайтын маңызды дәлелдер болған жоқ, бұл Исламдық радикалдану қаупі үкіметтің жауаптарын заңдастыруға ықпал етті деген пікірді

қалдыруы мүмкін. Сонымен қатар, полиция Кавказдық емес шетелдіктерге "баксы аулауды" бастағаннан кейін, "Хабар-24" ұлттық телеарнасы шетелдік содырларды қаржыландыру туралы арнайы бағдарлама таратты. 7 телеарнада Алматы көшелерін тінту үшін 200 АҚШ доллары төленді деп Мәлімдеген Қырғыз азаматының мойындауы көрсетілді. (Thibault & Tastaibek, 2023c)

Исламдық радикалдану тұжырымдамасының Қазақстандағы қаңтардағы оқиғаларды шешуде саяси құрал ретінде қалай қолданылғаны қарастырылады және билік ішкі және сыртқы заңдастыру мақсаттарына байланысты үш себепке байланысты кінәні шетелдік элементтерге жүктегені айтылады. Біріншіден, Біз Исламдық риторикаға жүгіну Орталық Азия елдерінің үкіметтері оппозициялық қозғалыстарды заңдастыру үшін қолданатын әдеттегі тактика екенін көрсетеміз. Екіншіден, кінәні халықтан алшақтату билікке халықтың терең наразылығын барынша азайтуға және белгілі бір дәрежеде есептен шығаруға мүмкіндік береді. Үшіншіден, біз тәртіпсіздіктерге "шетелдік агенттердің" қатысуын шақыру Ұжымдық Қауіпсіздік Туралы Шарт Ұйымының (ҰҚШҰ) күштерін тартудың қажетті шарты болды деп санаймыз. (Thibault & Tastaibek, 2023d)

Жоғарыда айтып кеткенімдей, Қаңтар оқиғасына байланысты мақалаларды зерттеу алдында, осы санаттағы жаңалықтар да қарастырылды (*Кесте 3.4*), және сол жаңалықтарда да үкімет нарративтеріне жатқызған сөз тіркестер кірді. Анализ барысында Tengrinews.kz-тың журналисттері өз мақалаларында Тоқаевтың нарративтерін қолданатынын көре аламыз, бұндай құбылыс медианың үкіметтен тәуелді болғандықтан пайда болуы мүмкін. Себебі, балансты жаңалық беру үшін баспасөз өзі жазып отырған тараптан тәуелсіз болуы тиіс. (Розенстиел & Ковак, 2021)

Кесте 3.4. Қаңтар оқиғасы санатындағы жарияланған жаңалықтардың контент анализі

Мақаланың реттік саны	Жарияланған күні	Дүрбеленген	Қаңтар	Тәртіпсіздіктер	Жаңа Қазақстан	билікті басы алуға әрекеттену	Лаңкес, бүлікшілер, жау, содырлар	Үшінші күштеp, радикалды күштеp	Арампигылы
1	16.0	1	11	0	1	2	12	4	2

	3.20 22								
2	11.0 1.20 22	0	2	1	0	0	5	0	0
3	13.0 1.20 22	0	1	3	0	0	2	0	1
4	13.0 1.20 22	1	14	11	1	0	1	1	0
5	13.0 1.20 22	1	2	1	0	0	1	0	0
6	14.0 1.20 22	0	12	2	0	0	0	0	0
7	19.0 1.20 22	0	2	3	0	0	1	0	0
8	17.0 2.20 22	0	2	0	0	0	0	0	0
9	17.0 2.20 22	0	2	0	0	0	0	0	0
10	17.0 2.20 22	0	3	0	0	0	5	0	0
11	17.0 2.20	0	1	0	1	0	0	0	0

	22								
12	22.0 2.20 22	0	1	0	0	0	0	0	0
13	14.0 3.20 22	0	2	0	0	0	1	0	1
14	14.0 3.20 22	0	2	4	1	0	0	0	0
15	14.0 3.20 22	0	2	2	0	0	0	0	0
16	16.0 3.20 22	0	2	2	4	0	1	0	0
17	15.0 1.20 22	0	1	1	0	0	1	0	0
18	14.0 1.20 22	0	7	7	0	0	0	0	0
19	17.0 1.20 22	0	1	1	1	0	1	0	0
20	18.0 1.20 22	0	0	1	0	0	1	0	0
21	20.0 1.20 22	0	1	1	0	0	0	0	0

22	02.0 2.20 22	0	1	0	2	0	0	0	0
23	04.0 2.20 22	0	2	1	0	0	1	0	0
24	09.0 2.20 22	1	5	1	0	0	0	0	0
25	17.0 2.20 22	0	1	0	0	0	2	0	0
26	17.0 2.20 22	0	1	0	0	0	1	0	0
27	24.0 2.20 22	0	2	0	0	0	0	0	0
28	27.0 2.20 22	0	6	0	0	3	0	0	0
29	16.0 3.20 22	1	12	0	2	0	8	0	1

Дереккөз: Автор контент-анализінің негізінде құрастырған

Жалпы, ғалымдар Тоқаев өз нарративтері арқылы, мемлекет не болғаны, бұл оқиғалардың әртүрлі актерлер мен мақсатты аудитория үшін нені білдіретіні (немесе нені білдіруі керек), кім кінәлі және эмпатияға лайық екендігі туралы балама есеп беру үшін фрейминг стратегиясын жүзеге асыру үшін қолданды. (Karibayeva & Lemon, 2022e). Тоқаев қаңтардағы тәртіпсіздіктерді Қазақстанның

"егемендігі" мен "аумақтық тұтастығына", мемлекетіміз бен азаматтарымызға жасалған шабуыл деп түсіндіреді. (Lemon & Karibayeva, 2022f)

Ғалымдардың айтуынша, осы фреймдер барлық қазақстандықтарға әділетсіздік сезімін тудыру үшін қолданылған және мемлекет пен азаматтарды "сырттан" келген қарақшылар мен террористерге қарама - қайшы келетін ортақ азаматтық бірегейлікке шаққырып, бір жаққа қоятынын байқауға болады. Тоқаевтың нарративтерінде Қаңтар оқиғасын жаппай зорлық-зомбылық, қирау ретінде көрсеткен. Сонымен қатар, Адам шығынын, радикалды және ерекше шараларын ақтау және халықтың қорғаушысы ретіндегі рөлін растау үшін баяндау шеңберін әзірледі. Сонымен, бұл стратегиялық баяндау шаң басылған кезде аяқталған жоқ. Оның орнына, ол режимнің халықты бақылауды күшейту жөніндегі ұзақ мерзімді мақсаттарын заңдастырушы құрал ретінде қызмет етуді жалғастырды. (Lemon & Karibayeva, 2022g) Tengrinews.kz ақпараттық агенттігінің осы санаттағы ақпаратына анализ жасаған кезде де, осы үкіметтік нарративтерді алға тартқанын көруге болады және осы ақпаратты оқыған халық та қалыптасқан фреймдерді пассивті түрде қабылдады. Сол себепті халықтың басым бөлігі, Президенттің ерекше шараларын, яғни байланыстың үзілуін, ескертусіз от жаудыру туралы бұйрығын, Ұжымдық Қауіпсіздік Шарты Ұйымының араласуын еш сынсыз қабылдады. Анческидың айтуы бойынша, оқиғаны сипаттаудағы Қазақстанның өзіндік нұсқасы, үкіметтің ниеттері мен мақсаттары үшін бұлыңғыр және нашар тұжырымдалған күйінде қалды. (Anceschi, 2024)

3.3. Azattyq-та Қаңтар оқиғасына байланысты материалдарға контент анализ

Ал Azattyq-та Қаңтар оқиғасы кезінде, қазақ редакциясында 111 жаңалық (3.3) жарияланған, бұл қаңтардың 2-11-і аралығында жарияланған ақпарат. Жалпы, осы ақпараттық агенттікті диссертацияда бейтарап ретінде қарастырылып отыр. Өйткені бұл жерде билік тарапынан берілген ақпаратты да, азаматтар жағынан да, шетелдік эксперттері мен ақпарат көздерін де қамтып жазылған мақала көп. Берілген аралықта оқиғаны сипаттайтын түрлі ақпарат жарияланған. Жалпы, ақпарат қазіргі күндердің өзінде де жарияланып отыр және басылым халықаралық ұйымдардың құжаттарын да өз мақалаларына қосқан. Мысалы, 26 қаңтарда жарияланған және негізгі ойы Human Rights Watch ұйымының қазақстандық армияның «бейбіт» демонстранттарға қарсы қару қолданып, бейбіт тұрғындарды өлтірген 10 жағдайын анықтағаны туралы болды, сондықтан HRW үкіметке халықты қорғауға назар аудару керек деген ұсыныс жасады, себебі шын мәнінде мүлік пен оның шығындарына көп назар аударылған (Азаттық радиосы, 2022).

2022 жылдың 2 қаңтарында ерекшеленген тақырыптарға қатысты екі мақала жарияланды, негізінен журналистер наразылықтардың себептерін және халықтың

өтініштерін қанағаттандыруға не қанағаттандырмауға бағытталған ағымдағы шешімдерді жазады. Мысалы, жаңаөзендіктер наразылық шеруіне жолды жауып тастаса, басқа аймақтар қозғалысты қолдады және сұйытылған газдың бұрынғы бағасы енді ешқашан бұрынғыдай болмайды деген жауапты да жариялаған. 2022 жылдың 4 қаңтарында Azattyq 22 жаңалық жариялады, олардың көпшілігі жазықсыз адамдар мен журналистерді ұстау туралы болды сонымен қатар халықтан үкіметке қойылатын талаптар туралы. Айтып кететін нәрсе, Azattyq-та журналисттер тек белгілі бір ақпараттарды таратып ғана отырмай, соның ішінде Тоқаевтың сөздеріне сыни мақалалар жариялап отырды. Мәселен, Тоқаев шерулерге қатысқандарды террорист немесе лаңкес атағанмен, ол адамдардың кім екенін айтпады және түрін де көрсеткен жоқ. (Түсіпхан & Абдрахманова, 2022) Сонымен қатар, Azattyq-та дүрбелең кезіндегі Тоқаевтың шерушілерге ескерусіз от жаудырғанын да қатты сынайды (Азаттық Радиосы, 2022) және қарусыз халыққа от астында болуы сынның астында қалды. (Иса, 2022)

Байқағаныңыздай, Azattyq, Қаңтар оқиғасы туралы ақпаратты бүгінгі күннің өзінде жариялап отыр. Қазіргі таңда ақпарат сол кездегі қайтыс болған адамдар туралы және сот шешімі туралы ақпарат, мысалы Тараз соты Қаңтарда оққа ұшқан жаәспірім Андей Опушиевты "кінәлі" деп таныды, ал марқұмның туыстары үкіммен келіспейді (Жүрсін, 2022) немесе Қаңтар бойынша айыпталған 30 жастағы Ринат Әлиев пен 36 жастағы Шыңғыс Әлпиевтің аштық жариялап, ауызын тіккендерін баяндаған хаты 1 желтоқсанда жарияланы (Азаттық Радиосы, 2022).

Енді жарияланған ақпараттың нарратив контент анализіне келсек. Алғашқы мақала қаңтардың екісінде жарияланған, ақпарат биліктің Жанаөзендегі наразылық акциясына үкіметтің берген жауабын қамтиды. Бұл мақалада болып жатқан оқиға "наразылық" ретінде сипатталды: "*сұйытылған газдың қымбаттауына наразылық білдіруіне байланысты ...*", ал осыған қатысқан адамдарды тек "*наразы адамдар*" ретінде белгілеген: "*наразы жүздеген адам*": Келесі мақала сол күні түсте жарияланған, ақпарат наразылықтардың күшеуі туралы, наразы адамдардың жолдарды жауып тастағаны туралы жазылған, сонымен қатар елдің басқа мекендері де наразылыққа қосылғаны туралы жазып жатыр. Бұл жерде де тілшілер оқиғаны сипаттау үшін "наразы жұрт", "наразылық", "наразы адам" деген сөз тіркестерін қолданады.

Келесі түні мақала жарияланды, ол жерде наразы жұрттың облыс әкімі Ноғабевты қуып жібергені туралы жазылған. Берілген мәлімет бойынша ол кісі халық наразылық акция өткізіп жатқан жерге Қазақ газ өңдеу зауыты директоры Нақберген Түлепов пен Жаңаөзен қаласы әкімі Мақсат Ибағаровпен бірге барған, әкім жұрттың талабын орындай алмағаны үшін қуылды:

"Ортаны ашыңдар. Шаруа шешпейтін әкімнің керегі жоқ! Кете беріңіз!" деп айқайлады жиналғандар. Қолындағы дауыс күшейткішпен сөйлемек болған әкімді жиналғандар "Ел! Керегі жоқ, айтпа! Ертегіден жалықтық!" деп айқайлап, сөйлетпей қойды. Бір сағаттай тұрып жұртшылықпен өзара диалог жасай алмаған облыс әкімі қасындағы оншақты адаммен бірге кетіп қалды. Оны қала жұртшылығы "Масқара! Масқара!" деп айқайлап шығарып салды".(Azattyq, 2022a)

Бұл мақалада нарративтер қатты ауысты деп айтуға қиын, тілшілер тек синоним сөздерді/сөз тіркестерді қолданып бастады: "жиналған жұрт", "наразылық", "жиналғандар", "халық наразылығы", "халық".

Айта кетерлік жәйт, Azattyq-та жарияланған ақпараттың соғында міндетті түрде жаңалықтардың алғышарттары белгіленіп кетеді, сипатталған оқиғаның басталу себептері немесе жалпы ақпарат сілтеме ретінде белгілене береді.

Сол күні кештеу жарияланған ақпарат наразылықтың басқа өңірлерге тарағаны туралы ақпарат, соның ішінде Ақтөбе, Алматы, Шымкент қалаларында наразылық акциясына шыққан, ұсталған адамдар туралы. Бұл жерде де тілшілер оқиғаны наразылық ретінде сипаттайды, ал қатысушылар наразылар ретінде белгіленген.

Ақтөбе туралы жаңалықта оқиға орнында полицияның заңсыз әрекеті, наразылыққа қатысқан белсенді Альмира Куатованы формасыз екі адам наразы жұртқа жібермей, полиция шақыртып алып кетуге ұмтылды, ал тағы екі белсендіні алып кетіп, учаскіде бірнеше сағат ұстаған.

Ал Алматыдағы ұсталған адамдар - диссидент Арон Атабектің қырқынан шыққан белсенділер. Белсенді Сүйіндік Алдабергеновтың айтуынша, полиция 20 шақты адамды ұстап, белгісіз жаққа алып кеткен. Мақаладағы ақпаратқа сүйенсек, аста болған белсенділер Жаңаөзенде кеше басталған наразылыққа үн қосу үшін алаңға барып, бейбіт жиын өткізгісі келген. Сонымен қатар, осы мақалада Нұр-Сұлтан қаласының екі жерінде наразылыққа шыққан бірнеше адамды полицияның арнайы жасағы ұстап алып кеткені туралы айтып кеткен. Ал Шымкентте наразылықты интернетте қолдап, келесі күні алаңға шыққысы келген Нышанәлі Ағаділов және Нұрлыбай Татаев деген белсенділерді полиция жасақтары үйіне келіп, қоқан-лоқы жасап, үйден шығармаған туралы жазылған.

Осы күні басқа жарияланған жаңалықтардың нарративтері өзгерген жоқ, оқиға сол бетте наразылық ретінде сипатталды. Екі мақалада сол кездегі премьер-министр Асқар Мәминнің халыққа қайтарған жауабы, яғни арнайы комиссия құрылатыны туралы мәлімдемесі мен энергетика министрі Мағзұм Мырзағалиев жұмыста біршама олықлыққа жол бергенін мойындағаны туралы, соның ішінде сұйытылған газ бағасының өсу себебін халыққа дұрыс түсіндірмегені.

Төртінші қаңтарда жалпы 20 мақала шықты, тақырыптардың фокусы болып жатқан ахуалға қатысты, бірақ тілшілер жалпы жанжақты ақпарат берген деп айтуға болады.

Одан кейін Алматыдағы наразылыққа қатысқан белсенділерді жауапқа тартып жатқаны туралы ақпарат шықты, бұл жоғарыда айтылып кеткен Арон Атабектың қырқына қатысқан белсенділер туралы ақпараттың жалғасы. Бұл жердегі фокус қоятын нәрсе, белсенділердің бәрін *"бейбіт жиын тәртібін бұзғаны үшін"* және *"заңсыз шараға"* қатысқаны үшін деп жазылған, ал тілшінің контрастына қарағанда, бұл әрекеттері сынға ұшырап отыр. Яғни, тілші өз сөдерінде белсенділердің бәрі тек наразылық акциясында бейбіт тұрғындарды қолдау үшін ғана барды деген ойды бекітеді. (Azattyq, 2022)

Келесі мақала наразылардың тарқамай, алаңға шыққан мақсатын және талаптарын сипаттайды: *"Үкімет отставкаға кетсін! Шал кет!"* (Azattyq, 2022 u)

Соның ішінде, наразылардың ішінде арандатушылар қосылғанын да атап кетті, оны наразылардың бірі Есберді Асауов айтты: *"Наразылардың дені – жастар. Арасында бізге мас адамдарды жіберіп, арандатуға тырысқандай болады..."*. (Azattyq, 2022 u) Azattyq-тың тілшісі бұл жерде алаңға шыққан халықты ендігі жолы екіге бөлгенін байқауға болады: арандатушылар мен наразы халық. (Azattyq, 2022 u)

Келесі жаңалық наразылардан бөлек, 4 қаңтар күні Әблязовтің митигіне қатысқан адамдар қамауға алынып жатқаны туралы жазылған. Бұл жерде қатысқан адамдарды тек *"жиналған адамдар"*, *"жиналған топ"* деп белгілеп отыр. Күштік құрылымдардың ұстау кезінде екі адамға дөрекі күш қолданғаны да фокусқа алынған. Сонымен қатар астанада ұсталғандар 50 адамның ішінде бес айлық сәбиін көтерген әйелдің болғаны да мәлім болды, ол жылынбақ болып, аялдамаға келген кезде полиция оны коляскасымен бірге көтеріп, ұстап әкеткен екен. Оның үстіне Ақпараттың жай-жапсары анықталып жатқанын да айтып кетті Azattyq тілшісі. Келесі 2 мақалада наразыларды Жаңаөзен жұмысшылары мен Алматының белсенділері қолдап жатыр деген ақпаратты қамтиды. Оқиғаны сипаттау нарративтері өзгермеген: митинг, наразылық, наразылар, халық сөздері қолнады. Бұл жердегі фокус, 2011 жылғы Жаңаөзен оқиғасына жолдама жасалды: *"2011 жылғы Жаңаөзен оқиғасы қайталанбасын, бейбіт халыққа оқ атылмасын"*. (Azattyq, 2022 l)

Келесі жаңалық үкімет Маңғыстау облысында наразылар тобымен *"келіссөз жүргізіп жатқаны"* туралы болды. Бұл жердегі қызық мәселені құқық қорғаушы Бақытжан Төреғожина белгілеп шықты, *"комиссия ішінде алаңда тұрған бейбіт тұрғындардың бірі де жоқ"* деп сынады.

Осыдан кейін жарияланған мақала Қаскелендегі Қазақстан үлкен түрме деген акция туралы жазылған, бұл акция Маңғыстау наразыларына қолдау ретінде

жасалған. Бұл белсенділердің де полиция алып кеткені туралы жазылған. Бұл жердегі қатысушылар - белсенділер, ал шараның өзі "митинг" деп белгілен.

Келесі де жаңалық полицияның адамдарды қамап жатқаны туралы, соның ішінде Қасым Аманжолды қамап, бірнеше сағаттан соң ғана босатқаны туралы: *"Алматыдағы "Жетісу" базары маңындағы наразылықты түсіріп, журналистік міндетін атқарып жүрген Қасым Аманжолды журналист құжатын көрсеткеніне қарамастан, полицейлер құралын тартып алып, көлікке күшпен отырғызып, Алматыдағы Медеу аудандық полиция басқармасына алып кеткен. Шамамен екі сағаттан соң кешірім сұрап, босатқан",*-деп жазып, тағы да күштік құрылымның әділетсіз әрекетіне назар аударлады.(Azattyq, 2022 o)

Келесі жаңалық Ақтөбедегі наразы халық полиция шебін бұзып, әкімдікке өткенін хабарлайды. Бұл жерде нарративтер өзгермен: *"жиналған топ", "халық", "наразылық"* деген сөздер қолданды.

Осыдан кейін жарияланған мақала қайтадан күштік құрылымдардың әрекеті туралы жазылған:*"қара киім киген маска таққан ер адамдардың қарапайым тұрғындарды дөрекі күш қолданып, ұстап жатқаны көрінеді. Кейбірі полицияға қарата "Жібер!" деп айқайлайды".*(Azattyq, 2022 v) Сонымен қатар, осы жолы, Тараздағы полиция өз міндетін атқарып жүрген журналисттерді жинап алып кеткен. Наразылықты сипаттау үшін нарративтер өзгермеген: *"наразы топ"* деп қатысушыларды сүреттеген, ал оқиғаның өзі "наразылық" ретінде берілген.

Келесі жаңалықта, үкіметтің шешімі бойынша сұйықталған газдың бағасы арзандайтыны туралы жазылған, бірақ халық тарқалмады. Наразылардың айтуы бойынша бұл халықтың тарапынан шыққан талаптарының бірі ғана. Наразы топ келесі талаптарды орындауға шақырды: *"жиналған 10 мыңдай адам жұмыс беруді, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуды талап етіп тұрғанын айтты. Арасында Нұр-Сұлтандағы билікті ауыстыруды талап етіп жатқандар да бар. Кейбіреулері "саяси тұтқындарды", соның ішінде Ержан Елшібаевты босату".* Нарративтер өзгермеген. Тек наразылықты сипаттау үшін "митинг" сөзі қолданылған.(Azattyq, 2022 z)

Осыдан кейін жарияланған мақала қайтадан полицияның заңсыз әрекеті туралы жазылған. Бұл жолы Қасым Аманжол ұсталған жерден, қамалған басқа наразы адамдарды полиция заңсыз түрде ұстап отыр деген ақпарат жарияланған: *"Алматыда оннан астам адам Медеу аудандық полиция бөлімінде өздерін "заңсыз ұстап отырғанына" шағымданды. Олардың сөзіне қарағанда, 4 қаңтарда олар "Жетісу" базары маңында Жаңаөзендегі наразылықты қолдамақ болып, пікірлерін айтқысы келген. Алайда полиция оларды ұстап әкеткен".* (Azattyq, 2022 j) Нарративтер өзгермеген.

Одан кейінгі жаңалық Алматыдағы ахуалды сипаттауға бағытталған, ішіндегі фокус қайтадан полицияның әрекеті жайлы. Ақпаратты белсенді Айзат

Әбілсейіттің сөзіне сүйеніп жазған. Полицейлер Науаи көшесінің бойымен Розыбакиев көшесіне түсіп бара жатқан шерушілердің жолын бөгеп, ер адамдардың қолдарын қайырып ұстай бастаған. Белсендінің өзін де жерге құлатқан және бетінен ұрған. Айзаттың айтуы бойынша полиция барлығы 50-дей адамды көлікке салып алып кетті және олардың Алматының Әуезов және Бостандық аудандық полиция бөлімдерінде екен. Нарративтер өзгермеген, қатысушыларды сипаттау үшін *"белсенділер"* деген сөз қолданылған.

Сонымен қатар, 2021 жылы пропорционалды сайлау нәтижесінде сайланған мәжіліс депутаты, "Нұр Отан" партиясының өкілі Берік Әбдіғалиұлы Жанаөзеннен басталып, Қазақстанның бүкіл өңірлерінде болып жатқан әлеуметтік наразылыққа қолдау білдіріп, үкіметтен *"шұғыл саяси және экономикалық шешімдер"* талап етті. Нарративтер өзгермеген, оқиғаны сипаттау үшін келесі сөздер қосылды: *"шеру"*, *"ұстау"*, *"оппозиция митингі"* (*"4 қаңтарда Қазақстанның бірнеше қаласында оппозиция митингісі өтеді"* деген орындарда екі жүзге тарта адам ұсталды. *Шерулер де, ұстау да әлі жалғасып жатыр*). (Azattyq, 2022 p)

Одан кейін Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың мәліметі жарияланды, ол жерде Тоқаевтың Twitter әлеуметтік парақшасындағы деструктивті күштерге ермеу туралы цитатасы берілген: *"Демонстранттарды еліміздің тұтастығы мен бірлігіне сызат түсіруді көздейтін деструктивті топтардың үндеуіне құлақ аспауға шақырамын. Басқа да әлеуметтік-экономикалық талаптар ертеңгі елордада өтетін кеңес барысында жеке қарастырылады"* деп жазды Тоқаев. (Azattyq, 2022 x) Бұл жерде жоғарыда келтірілген үкіметтік нарративтерді байқауға болады, солардың ішінде: *"еліміздің тұтастығы мен бірлігіне сызат түсіру"* және *"деструктивті топтар"*. Алайда осы түсініктемеге қарамастан, баспасөздің нарративтері өзгерген жоқ. Оқиғаның өзі әлі де *"наразылық"* ретінде сипатталған, ал қатысушылары *"наразы топтар"* деп белгіленді.

Осы күні екі соңғы жарияланған мақала Шымкенттегі шерушілердің талаптары мен Алматыда ұсталған белсенділер туралы жазылған, нарративтері де қалыпты.

Бұл жерде Azattyq тілшісі тікелей эфирге шықпақ болғанын белгілеп, Қазақстандағы интернет нашарлағанын жазып кетті: *"Азаттық тілшісі оқиға орнынан тікелей эфирде хабар таратуға оқталған. Алайда интернет нашарлап, эфирге шығу мүмкін болмады"*. (Azattyq, 2022 u) *Тілші полицияның әрекеттеріне де сынаған: "Жер-жерде белсенділердің күшпен ұсталып, соққыға жығылғаны жайлы хабар жиіледі"*. (Azattyq, 2022 u) Сонымен қатар, Алматыда Жанболат Мамаймен бірге шыққан белсенділердің соққыға жығылғанын жазып, фокус қайтадан полицияның әрекетіне бағытталған: *"Мен және Жанболат Мамай Әуезов аудандық ішкі істер басқармасындамыз. Мамайды ұрып кеткен. Көзі көгерген."*

Бір жігіттің басынан қан ағып, тоқтамай жатыр" деп жазды Асхат Берсалимов сейсенбі күні. Ол 4 қаңтарда өзге белсенділермен бірге Алматыда "Жаңаөзендегі наразылықты қолдау" акциясына қатыспақ болды. (Azattyq, 2022 i)

Бесінші қаңтар күні де жиырма мақала жарияланған.

Бірінші мақала Алматыдағы әуежайды белгісіз адамдар басып алды деген хабарламаға негізделген. Сонымен қатар, оқиғаның хронологиясы берілген және Алматыдағы басып алған мекемелер туралы жазылған: *"Қаладағы прокуратураның, полиция департаментінің ғимаратына да кіргені айтылды. Әкімдік пен прокуратура ғимаратының бір бөлігі өртенген". (Azattyq, 2022 a d)* Нарративтер өзгермеген, тек қатысушыларды енді үшінші категорияға бөлді, ішінде *"белгісіз адамдар тобы"* деген пайда болды: *"Елде билікке наразылық өршиді. Алматы қаласы наразылықтың эпицентріне айналып, наразылар қалалық әкімдікке басып кірді". (Azattyq, 2022 a d)* Осы кезеңде күштік құрылымдардың әуежайда болмағаны туралы да жазылған: *"Әскерилер де әуежайдан кетіп қалды, олардың қайда кеткенін білмейміз. Әуежай қызметкерлері жолаушыларды өз күшімен эвакуациялады".*

Екінші мақала Ақтөбедегі наразылықтардың жалғасып жатқаны туралы мәлімет шықты, нарративтер өзгермеген. Фокус күштік құрылым мен денсаулық сақтау секторыне бағытталған, соның күштік құрылымның наразыларға қарсы газ бен шулы граната қолданғаны белгілі болды: *"Ақтөбеде екінші күн қатарынан жұрт наразылығы жалғасып жатыр. Наразылар облыс әкімдігіне басып кірмек болды. Күштік құрылымдар оларға қарсы көзден жас ағызатын газ бен шулы граната қолданды". (Azattyq, 2022 a j)* Рустем Исаевтың ауруханаларға жеткізілген адамдар туралы да мәлімет қосылды: *"Жараланғандардың арасында он адам - полицей, оның үшеуі ауруханада жатыр. Ал наразылардың бірі басынан ауыр жараланып, жансақтау бөліміне түскен". (Azattyq, 2022 a j)*

Үшінші мақалада Қасым-Жомарт Тоқаевтың елдегі ахуалға байланысты мәлімдемесі туралы жазылған, соның ішінде Тоқаевтың елден кетпейтіні туралы және күштік құрылымның ішіндегі адамдардың жарақаты мен шығындары, қабылданған шаралары: *"Біздің сүйікті қаламызда құқық қорғау қызметкерлеріне жаппай шабуыл жасалып жатыр. Олардың арасында қаза болғандар мен жараланғандар бар. Бандиттік топтар әскерилерді қорлап, жалаңаш жүргізген. Әйелдерге тиісіп, дүкендерді тонаған. Алматыдағы жағдай халықтың өміріне қауіп төндіреді. Шыдауға болмайды. Басқа да облыс орталықтарында жағдай ушықты. Сондықтан бірнеше аймақта төтенше жағдай енгізілді".* Бұл жерде де Тоқаевтың сөзіне қарағанда үкімет белгілеген нарративті көруге болады, мысалы *"бандиттік топтар". (Azattyq, 2022 a r)*

Нарративтер де өзгерген жоқ, оқиғаны сипаттау үшін *"наразылық"* сөзі қолданды, ал қатысушыларды сипаттау үшін *"наразылар"* болып қалды: *"Қазақстан*

басшысы наразылық кезінде нақты қанша адам қаза болғанын ашып айтпады. Тоқаев өз сөзінде наразылар арнайы топтардан ақша алған дегенді де меңзеді". (Azattyq, 2022 a r)

Төртінші мақалада ел бойы интернет нашарлағаны туралы жазды, соның ішінде Azattyq-тың да сайты ашылмай қалғаны белгілі болды. (Azattyq, 2022 a m) Нарративтер өзгермеген, күштік құрылымның халыққа бағытталған істері де сипатталды: *"5 қаңтарда Алматыда наразылар қала әкімдігіне басып кірді. Ақтау, Ақтөбе, Семей, Орал, Өскеменде де жұрт әкімдік ғимаратына жиналып, наразылық білдіріп тұр. Күштік құрылымдар наразыларға қарсы шулы граната, резеңке оқ, көзден жас ағызатын газ қолданды". (Azattyq, 2022 a e)*

Бесінші мақала, Нұр-Сұлтан қаласындағы төтенше жағдай жарияланғаны туралы жазылған, нарративтер де өзгерген жоқ: *"Нұр-Сұлтан – наразылыққа байланысты Қазақстанда төтенше жағдай жарияланған төртінші өңір. Бұған дейін Алматы қаласы мен облысында, Маңғыстау облысында төтенше жағдай жарияланған". (Azattyq, 2022 a o)*

Алтыншы мақала, Ақтөбедегі наразылар мен полиция арасындағы қақтығыс жалғасып жатқаны туралы жазылған. Сонымен қатар, денсаулық сақтау басқармасының жетекшісі Рүстем Исаев 7 адамды жедел жәрдем көлігі алып кеткені белгілі болды Нарративтер өзгерген жоқ, қатысушыларды наразылар деп белгілеген: *"Сәрсенбі күні таңертең наразылар Ақтөбе облысы әкімі Оңдасын Оразалиннің шығуын талап еткен. Алайда әкім келмеді. Қала әкімі Асхат Шахаров наразыларды сабырға шақырған". (Azattyq, 2022 a k)*

Жетінші мақала, наразылар Алматы қаласының әкімдігін басып алғаны туралы ақпарат, ғимаратта өрт басталғаны белгілі болды. Нарративтер өзгерген жоқ, қатысушылар да "наразылар" болып қалды: *"5 қаңтарда күндіз Алматыда мыңдаған наразы полиция шебін бұзып, әкімдік ғимаратына басып кірді. Ақпаратқа қарағанда, жаңа алаңға бірнеше мың адам келген" және "Бұдан соң наразылар әкімдікті тұтас иеленді". (Azattyq, 2022 a e)*

Сегізінші мақала, Ақтөбедегі әкімдікті басып алуға ниеттелген наразыларға күштік құрылымның қабылдаған шаралары туралы. Нарративтер өзгермеген: *"Ақтөбеде әкімдікті басып алмақ болған наразыларға полиция көзден жас ағызатын газ шашты. Облыс әкімдігінің алдында қонып шыққан наразылар 5 қаңтарда күндіз облыс әкімдігінің терезесін шағып, ішке кірмек болған кезде полиция оларға жас ағызатын газ шашып, құды. Аумаққа жедел жәрдем көліктері де келді. Азаттық тілшісі аяғы жараланған бірнеше адамды көрді. Соған қарағанда полиция резеңке оқ қолданғанға ұқсайды", (Azattyq, 2022 a j)* фокус та полицейлердің әрекетіне бағытталған.

Тоғызыншы мақала, Алматыдағы Нұр-Отан ғимараты өртенгені туралы ақпарат, Нарративтер де қалыпты: *"Кейбір куәгерлердің айтуынша, "Нұр Отан"*

ғимаратында өрт наразы топ сондағы көше бойымен жүріп өткенге дейін басталған". (Azattyq, 2022 a f)

Оныншы мақалада, Тоқаевтың сөзіне қайтадан шолу жасалды, ол жерде халықтың наразылығына "Қазмұнайгаз" және "Қазақгазды" кәнәлі екені белгілі болды.

Он бірінші мақала Ақтаудағы наразылық туралы жазылған, наразылар құдалауды тоқтатуға шақырып жатты. Нарративтер өзгермеген: "**Наразылар сәрсенбі таңертең үкіметтің отставкаға кеткенін естіген**", "халық тарқамған", "наразылық бірнеше күн ішінде", "бастапқыда наразылар". (Azattyq, 2022 a a)

Он екінші мақалада Алматыдағы наразылар орталыққа бет алды, сонымен қатар әкімдіктен ешкім келмегенін де белгілеп шықты. Фокус күштік құрылымның әркетіне де бағытталған: "*полиция көлігі басып кетіп*", *қайтыс болған адамның мәйітін қайтаруды және жергілікті әкімдік өкілдерінің келуін талап етті*". (Azattyq, 2022 a b)

Он үшінші мақала ішкі істер министрлігінің мәлімдемесіне түсініктеме ретінде жазылған, бұл жерде үкіметтік нарративтердің барын көре аламыз: "*Азаматтар тұрақтылыққа және халықтың қауіпсіздігіне қауіп төндіретін заңсыз әрекеттер жасай бастады. Сонымен қатар, азаматтардың жекелеген топтары жолдарды жауып, қоғамдық тәртіпті, азаматтардың тыныштығын және елді мекендердің тіршілігін қамтамасыз ету жүйесін бұзып, көлік қозғалысына тосқауыл қойды. Құқық қорғау және құқықтық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін басқа да органдардың қызметкерлеріне шабуыл жасалды*". (Azattyq, 2022 a n)

Бұл жерде наразылықтың өзін ПМ "заңсыз акция", ал наразыларды "арандатушылыққа шақырушыларға ерді" деп айыптайды. Сонымен қатар, тілші сол күні бүлінген ғимараттар туралы толық ақпарат берген: "*Алматы, Шымкент және Тараз қалаларында әкімдіктерге шабуыл жасалған, ғимараттар бүлінген екен*". (Azattyq, 2022 a n) Сонымен қатар, ПМ үкіметтік нарративтерге сай митингке шыққан адамдардың әрекеттерін де құқық бұзышылық составы бар әрекеттерді сипаттады: "*Тастарды, таяқтарды, газ, бұрыш баллондарын және жанғыш қоспасы бар бөтелкелерді пайдаланды. Ішкі істер органының 95 қызметкері жарақат алды. 37 қызметтік автокөлік бүлінген*". (Azattyq, 2022 a n) Алайда, берілген дәйексөзге сүйене отырған тілшінің, нарративтері өзгерген жоқ.

Он төртінші мақала сағат 8-де Алтын Орда базарындағы наразылық барысында арнайы жасақ наразыларға шулы граната қолданып, резеңке оқ атты. Ол кезде базар маңында қоғамдық көліктер тоқтап, жолдар жабылған. Ресми мәлімет бойынша, ол жергн 200 шақты адам жиналып, "қымбатшылыққа қарсы" наразылық білдірді, әрі қарай Қалқаманға қарай жылжыған. Нарративтер көбінше

өзгермен, акция қалыпыты наразылық ретінде сипатталды, алайда "дүрбелең" деген сөз қосылды: *"Алатау театры алдында басталған дүрбелең (4-5 қаңтар 2022 жыл)"*. (Azattyq, 2022 а g)

Он бесінші мақалада Алматы қаласының әкімі Бахытжан Сағынтаевтың мәлімдемесі туралы жазылған. Бұл жерде де үкіметтік нарративтеріне сай, әкім қатысушыларды *"Арандатушылар мен экстремистер" ретінде сипаттап отыр* және елдегі ахуалды тұрақсыздандыру әрекет ретінде таныстырды: *"тұрақсыздандыру талпынысы мен экстремистік әрекеттердің артында ішкі және сыртқы арандатушылар тұр"*. (Azattyq, 2022 а с) Тоқаев өз жоладуында жасағандай, тәртіп сақшыларды құқарушы күш ретінде сүреттеді Ол тәртіп сақшыларының көмегімен қалада жағдайды тұрақтандыру, қауіпсіздікті сақтау шаралары жүріп жатқанын да атап өтті.

Ал келесі абзацта үкімет нарративтері мен Azattyq-тың нарративтеріндегі айырмашылық белгілі болады: *"Қазір қаладағы жағдай бақылауға алынды. Арандатушылар мен экстремистер ұсталып жатыр. Бүлікшілер анықталып жатыр" деді әкім. Бірақ "экстремист, арандатушы" деп кімді меңзегенін нақты айтпады"*. Бұл жерде үкімет наразыларды "экстремист" десе, Azattyq тілшісі бұл идеяны сынап жатқанын көруге болады. (Azattyq, 2022 а с) Жалпы, кейбір ғалымдар, Қазақстандағы дүрбелең кезінде, үкіметтің ішкі және сыртқы легитимизация мақсаттарына байланысты үш себеп бойынша кінәні шетелдік элементтерге жүктеді екен: исламдық риторикаға жүгіну қазақстан үкіметінің оппозициялық қозғалыстарды делегатизациялау үшін қолданатын әдеттегі тактика ретінде, кінәні халықтан алшақтату билікке халықтың терең наразылығын барынша азайтуға және белгілі бір дәрежеде есептен шығаруға мүмкіндік беру; және ҰҚШҰ күштерін тарту үшін. (Thibault & Tastaibek, 2022)

Он алтыншы мақалада наразылықтан кейін болған өзгерістер туралы жазған, мақала Тоқаевтың мәлімдемесіне сүйене жазылған. Баспасөздің оқиғаны сипаттайтын нарративтері өзгермеген: *"Қазақстанда наразылық өршіп, үкімет отставкаға кеткен тұста президент Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар кадрлық өзгерістер жасады"*, *"Қазақстанның батысында Жаңаөзен қаласында жаппай наразылық басталып, өзге өңірлерге жайылған тұста үкімет отставкаға кетіп отыр"*, *"Наразылықтың үшінші күні билік газды 50 теңгеге дейін төмендетуге келісті, алайда наразылар саяси талаптар айта бастады, олар үкімет отставкасын да талап еткен"*. (Azattyq, 2022)

Екі соңғы мақала Нұр-Сұлтан қаласындағы (кейін Астана атауы қайтарылды) сол кезде болып жатқан жағдай туралы жазылған. Біріншісі, полицияның әрекетіне сын ретінде жазылған: *"5 қаңтарда кешке қарай Нұр-Сұлтандағы "Артем" және "Шапағат" сауда орталықтарының ортасында*

үлкен наразылық шарасы өтіп, полицияның арнайы жасағы ондаған адамды қатігездікпен ұстап әкетті". (Azattyq, 2022)

Жаналықтарда сонымен қатар, ұсталған адамдардың ішінде жәй кетіп бара жатқан адамдар барын жазды; полицейлердің азматтарға бағытталған қатыгездік туралы да жазылған: *"Кей адамдарды жерге ұрып жығып, киімін жартылай шешіп тастады. Ұсталып жатқандарды санау мүмкін болмады", "Екі сауда орталығының ортасында кемінде үш жерде адамдарды жаппай ұстап жатты. Сол маңдағы мешіттен шығып келе жатқандарды да ұстап әкетті", "Оқиға орнындағы көрініс әскери операция болып жатқандай әсер қалдырды. Полиция көлігінен, арнайы жасақтан аяқ алып жүргісіз", "Полиция адамдарды не үшін ұстап жатқанын айтып, Азаттыққа комментарий бермеді", "Оқиға орнында Нұр-Сұлтан қалалық полиция департаментінің басшысы жүрді". (Azattyq, 2022)* Сонымен қатар, полиция Azattyq тілшілеріне де қызметін атқаруға кедергі жасап, камераны бірнеше рет қолымен жауып, микрофонмен бірге тілшінің қолын қақты, иығынан итерді.

Келесі жаналық Azattyq тілшісі Дархан Өмірбекті полиция ұстап алып, 4,5 сағат бойы ұсталғаны туралы жазылған. Баспасөздің нарративтегі өзгермеген.

Қаңтардың алтысы 9 мақала жарияланған.

Бірінші мақала Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жолдауына сүйеніп жазылған, ол жерде Тоқаевтың Алматыға террористік банда шабуыл жасағаны туралы және Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымынынан көмек сұрағаны туралы жазылған. Бұл жерде Тоқаевтың сөздері келтірген соң, жоғарыда келтірілген үкіметтік нарративтеріне толығымен сәйкес келеді: *"террористік топ", "шетелде үлкен дайындықтан өткен халықаралық террористік банда", "террористік бандалар ірі инфрақұрылым нысандарын", "Бұзақылар – нағыз террористер жасаған теракт статистикасын [жүргіземіз]", "басқа аймақтарда бассыздық жасап жатыр", "Қазақстанға жасалған шабуыл". (Azattyq, 2022)* Бұл жерде де Azattyq тілшілері Тоқаевтың мәлімдемесін сынап, қаншалықты әділетті екені туралы сұрақ қойды, себебі сол күндері Қазақстанда қандай да бір террорлық әрекеттер немесе әскери операция болып жатқаны туралы ақпарат жарияланбаған: *"Қазақстан президенті "террористер" деп атаған адамдардың кім екенін, оларды бұлай атауға қандай негіз болғанын, олардың қайдан келгенін, неге мұны "агрессия" деп есептейтінін анық айтпады". (Azattyq, 2022)* Демек, баспасөздің нарративтеріне сөздік манипуляциялаға қарай өзгерген жоқ екенін көруге болады.

Одан кейінгі мақала, Алматыда наразылық кезінде қайтыс болған адамдар туралы ақпаратты қамтиды. Ақпарат ресейлік "РИА Новости" ақпарат агентігінің жаңалығына негізділіп жазылған.

Келесі мақалада Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының (ҰҚШҰ) төрағалық ететін Арменияның премьер-министрі Никол Пашинян Қазақстанға әскер жіберетіні туралы ресми мәлімдемесіне арналған. Бұл жерде Azattyq тілшілері оқиғаны сипаттау үшін алғаш рет "тәртіпсіздіктер" сөзін қолданды: "Қазақстан президенті Алматыда тәртіпсіздік күшейген тұста ҰҚШҰ-дан көмек сұраған...".

Сонымен қатар, Azattyq тілшісі елде интернет бұғаттылған соң ақпарат алмасу үрдісі қиындағаны туралы да жазды.

Келесі мақалада Шымкент қаласының әкімдігі бүлініп, сол кезде арнайы жасақпен күзеттелгені туралы жазылған.

Тілші "наразылар" деген сөздің орнына "демонстранттар" сөзін қолданды: "Демонстранттар көрінбейді". Сонымен қатар, тілші айналадағы жағдайды да түсіндірді: "Сол маңайда өртенген 20-30 шақты көлік, 5 автобус байқалды. Әр жерде қан ізі және атылған оқ-дәрі қалдықтары жатыр. Демонстранттар көрінбейді". (Azattyq, 2022)

Соңғы бес жаңалық Қазақстанның түрлі өңірлеріде болып жатқан оқиғаларды баяндаған. Солай-ақ, Ақтөбдегі наразылар өздерін террорист екеніне қарсы шығып жатқаны туралы, сонымен қатар олармен келіссөз жүргізіліп жатқаны туралы жазылған: "Демонстранттар жергілікті билікпен келіссөз жүргізіп жатыр. Олар наразыларды "террорист" деп атауға қарсы. Жиналғандар халықты қымбатшылық қысқан соң гана алаңға бейбіт митингіге шыққанын айтады". (Azattyq, 2022)

Сонымен қатар, тілші митингке шыққан наразылар жаппау тонаудың алдын алу үшін, түнімен түрлі мекемелерді күзеткені туралы жазған: "Наразылар арасынан ынталы топ құрылып, әкімдікті, әуежайды, теміржол бекетін түнімен күзеткен". (Azattyq, 2022) Ал сонымен қатар, нарративтердің өзгермегенін байқауға болады.

Оралда да жағдай қалыпты екені туралы жазылған, дүкендер жұмыс істеп жатқанын және қоғамдық көліктердің сирек жүріп жатқаны да белгілі болды. Сонымен қатар, банкоматтардың алдында кезек жоқ, ал қаланы полицелейр күзетіп жатқаны туралы да жазған: "6 қаңтардағы жағдай бойынша, Оралда интернет бұғатталған, телефон байланысы да әлсіз. Азаттық тілшісінің хабарлауынша, қалада дүкендер жұмыс істеп тұр. Қоғамдық көлік сирек жүріп жатыр. Банкоматтардың алдында ақша алуға жиналған адам кезегі көп. Орталық алаңды полиция қоршап, күзетіп тұр. Наразылық болып жатқан жоқ. Куәгерлер алаң маңынан өтіп бара жатқанда бірлі-жарым адамды полиция ұстап әкеткенін көрген". (Azattyq, 2022)

Нұр-Сұлтанда жағдай қалыпты деп жазылған, ал Семейде сол кезге дейін байланыс жоқ екені белгілі болды. Тілшінің айтуы бойынша Талдықорғанда әлдекімдер әкімдікті басып алғаны белгілі болған: "Талдықорғанда белгісіз

адамдар әкімдікті, полиция басқармасын басып алған. Қалада тонау болып жатыр. Кешке қарай наразы топ тағы жиналуы мүмкін деген ақпарат бар". (Azattyq, 2022) Нарративтердің өзгермегенін байқауға болады. Ақтау және Жаңаөзенде жағдай қалыпты, жұмысқа ешкім шықпаған, алаңдарда да адам жиналып жатыр. Наразылар Тоқаев ҰҚШҰ әскерін Қазақстанның жерінен алып тастуға, сонымен қатар интернетті қосуға талап етті. Ал Алматыда қаруы жоқ адамдарға оқ атып басталғаны туралы жазылған: *"Назарбаев даңғылы жақтан Республика алаңына брондалған әскери машиналар келіп, шулы жарқылдақ граната атты".* (Azattyq, 2022) Наразылардың бәрі де қарусыз келген кілең жастар екені туралы да жазылған: *"Демократиялық партия құру жөніндегі бастамашы топ өкілі Әйгерім Төлеужанованың айтуынша, алаңға келгендердің дені қарусыз жастар".* (Azattyq, 2022) Нарративтері өзгермеген, ал мақалада наразылардың бәрі қарусыз жастар екенін атап кеткеннен кейін, ол жерге келген БТР және ату дыбыстары күштік құрылымдарының әрекеттері жай халыққа бағытталып, кесірін тигізіп жатқаны көрінеді. Сонымен қатар, адам шығындары туралы да жазылған: *"Сәтбаев көшесінің бойымен алаңға қарай ішінде әскерилер бар бес патруль көлігі, 3 БТР, әскерилер бар 3 жүк көлігі кетіп бара жатыр"* (Azattyq, 2022) және *"Сол маңда тұратын адамдардың айтуынша, қазір алаңда шулы гранатаның, оқтың дауысы естіліп тұр".* (Azattyq, 2022)

Жетінші қаңтар күні 8 мақала жарияланған.

Оралдағы полицейлері наразыларды ұстап алып кеткен соң, туыстары іздеп жатыр деген хабарлама шықты. Бұл ақпаратты адам құқықтары жөніндегі халықаралық бюроның Оралдағы өкілдігінің жетекшісі Павел Кочетковтың мәлімдемесіне сүйеніп жазылған: *"Оның айтуынша, наразылық кезінде полиция ұстап әкетті деген адамдардың жақындары оған хабарласып көмек сұрап жатыр. Ал полиция ұсталғандардың қайда екені жайлы ешқандай ақпарат бермейді".* (Azattyq, 2022).

Одан кейінгі жаңалық Тоқаевтың контртеррористік штаб отырысын өткізіп, конституциялық тәртіп негізінен қалпына келгені туралы жазылды: *"Негізінен елдің барлық аймағында конституциялық тәртіп қалпына келді. Жергілікті органдар жағдайды бақылауда ұстап отыр. Бірақ террористік топтар әлі де қару қолданып, азаматтардың мүлкін бүлдіріп жатыр. Сондықтан содырларды толық жойғанша контртеррористік шараларды жалғастыру керек".* (Azattyq, 2022) Бұл жерде де Azattyq тілшілері Тоқаевтың содырлар туралы сөзін сынға алды: *"Тоқаев бұл жолы да қандай террористермен күресіп жатқанын, оларды неге содырлар деп атайтынын нақтылаған жоқ."* (Azattyq, 2022)

Ал Ақтаудағы наразылар президенттің отставкасын талап еткен. Сол күні Ынтымақ ауылында 700 адам әлі наразылық акция ұйымдастырып тұрғаны және жетекшілерін біреу алып кеткені туралы жазылған: *"Азаттық тілшісіне*

жергілікті белсенділер "Маңғыстау арена" ғимаратында отырған әскерилерге бара жатқан белсенділер Әмин Елеусінов пен Қыстау Қосшығұловты жолда көліктерін тоқтатып, терезесін шағып, белгісіз біреулер ұстап әкеткенін хабарлады. Олардың қазір қайда екені белгісіз. Әмин Елеусінов Ақтауда 2 қаңтарда басталған наразылардың жетекшісі ретінде белгілі". (Azattyq, 2022) Сонымен қатар, "Нұр Отан" партиясынан сайланған мәжіліс депутаттары келіп, халыққа кеңес айтқаны туралы белгілі болды. Яғни, Еділ Жаңбыршин мен Самат Мұсабаев келіп, *"бейбіт түрде жиналдығыздар ма, бейбіт түрде тарағыздар"* деп кеңес берген. (Azattyq, 2022)

Келесі жаңалық, Ақтөбе әкімдігі толықтай бүлінгені туралы, ол жерге Azattyq тілшісі кіріп шыққан екен: "Азаттық тілшісі 7 қаңтарда **Ақтөбедегі** облыстық әкімдік ғимаратына кірген. Алты қабат ғимарат түгелдей бүлінген, терезелері шағылған." (Azattyq, 2022)

Бұл жерде де күштік құрылымдардың әрекеттері сынға алынған, журналистің айтуы бойынша әкімдік күзет астында екенін, әскерилер бірнеше адамның қолын бұрап алып кетіп екен және ешқандай түсініктеме жасамағыны туралы белгілі болды: *"Маңайды қазір әскерилер қоршап, күзетіп тұр. Тілшінің көз алдында олар бірнеше адамды ұстаған. Азаттық журналисі жедел жәрдем ауруханасына да барды. Бірақ күзетшілер оны ішке кіргізбеді. Тілші жараланғандар туралы ақпарат ала алмады".* (Azattyq, 2022) Нарративтер өзгермеген.

Шымкентте де наразылар арасында қайтыс болғандары бар екені мәлім болды, сол күні жағдай реттелгені туралы белгілі болды. Жалпы, құқық қорғау органдары қаланы толық бақылауда екені белгілі болды. Бұл туралы қала әкімінің орынбасары Шыңғыс Мұқан мәлімдеді: "Екі күннен бері бірнеше ғимарат, оның ішінде әкімдік, көрме орталығы, Түркістан сарайы, театр, "Нұр Отан" партиясының ғимараты бүлінген. Онға жуық нысанға зиян келген. Шығын есептеліп жатыр. 5 қаңтарға қараған түні 59 көлік өртенген, 45 адам ұсталған. Қаза тапқандар, жараланғандар бар". (Azattyq, 2022) Нарративтер өзгермеген.

Ал Алматы қаласындағы Azattyq-тың дереккөзі қала ішінде алаңда мәйіт көргенін хабарлады: *"Бірінші мәйіт Назарбаев даңғылы мен Сәтбаев көшелерінің қиылысындағы арыққа түскен көлікте жатыр. Марқұм көліктің жүргізушісі болған сияқты. Екінші мәйіт Байсейітова көшесіндегі 42-үйдің алдында жатыр. Ол ашық жерде тұрғанда оқ тигенге ұқсайды. Үшінші мәйіт Сәтбаев пен Желтоқсан көшелері қиылысындағы көлікте жатыр. Көліктің алдыңғы әйнегіне әскери оқ тигені байқалады".* (Azattyq, 2022) Бұл мақалада да тілші ішкі істер министрлігінің мәлімдемесін келтіреді. Мәселен, жүргізілген арнайы операция кезінде 26 "қарулы адам" өлтірілді, 18 адам жараланған екен. ІІМ "бұзақы

топтармен" қақтығыс кезінде Алматы мен Шымкентте 216 әскери жараланғанын айтты деп мәлімдеген. (Azattyq, 2022)

Алайда: *"Билік "бұзақы топтар", "қылмыстық топтар" деген терминді қолданса да, олардың нақты қандай топтар екенін айтпай отыр"* деп сынға алды. (Azattyq, 2022)

Сол кезде Алматыдағы ахуал бойынша, тонаулар сол кезге дейін жалғасып жатты, қалада нан тапшылығы пайда болды және банкомат алдындағы кезек көбейді. Ал кейбір сауда үйлер күзет астында болғаны белгілі болды, алайда "Апорт" сауда үйіндегі Magnum супермаркетінде тонаулар жалғасып жатты. Тонаушылар қолдарына таяқ ұстап алғанын тілшілер көрген, ескертулерге құлақ аспайды. Теміржол және жанармай бекеттерінде де кезек ұзын-сонар болды.

Оралдағы мәселе туралы жазған кезде, тілші тағы бір рет "тәртіпсіздіктер сөзін" қолданған: *"7 қаңтарда Орал полиция бөлімшесіне адамдар жиналып, митинг және тәртіпсіздік кезінде ұсталған жақындарының қайда екенін айтуды талап етті"*. (Azattyq, 2022) Ұсталғандардың туыстары вахталық жұмыстардан қайтып келе жатқан да, қалаға кіреберіс жерінде 35 адам ұсталып, белгісіз жаққа алып кетті: *"6 қаңтарда вахталық жұмыстан қалаға қайтып келе жатқан 35 адам ұсталған еді. Ұсталғандардың туыстарының айтуынша, вахталық жұмысшылар мінген автобусты қалаға кіреберісте тоқтатып, ішіндегі адамдарды алып кеткен. Бұған қоса қалада 5 қаңтардағы митинг кезінде ұсталғандардың да қайда екені белгісіз"*. (Azattyq, 2022) Нарративтер өзгермеген.

Сонымен қатар, журналист Лұқпан Ахмедияров он күнге қамалғаны туралы жазылған, ол кісіні полицейлер шақырту қағазынсыз келіп, алып кеткені туралы да ақпарат берілген.

Тоғызыншы қаңтарда он жаңалық жарияланған. Осы күннен бастап, жаңалықтар тек өңірде болған оқиғаларды ғана емес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев туралы жазып бастаған. Айта кетерлік жайт, әдебиетке шолу бөлімінен көптеген Қаңтар оқиғасын Нұрсұлтан Әбішұлының биліктен кеткенімен байланыстырады, тіпті "De-Nazarbayefition" деген терминді де жанына қосып қойған. Мысалы, Беларусь президенті Александр Лукашенконың Нұрсұлтан Назарбаевпен сөйлескені туралы ақпарат берілген. Бұл ақпаратты Лукашенконың "Пул первого" телеграм каналы шығарды. Сонымен қатар, халықаралық ұйымдардың – мысалы, Human Rights Watch шолуларына негіздеп жаңалық жазды. Бұл мақалада Қазақстан билігі ескертусіз оқ ату шешімінен бас тарту керек екендігі туралы жазылған. Сонымен қатар барлық заңсыз әрекеттерді егже-тегжейлі тексеруге ұсыныс жіберді: *"HRW билік "адамды өлтіруге амал қалмағанда" баруы тиіс екенін, тиісті ведомстволар "зорлық және заңсыз кісі өлтіру фактілерін жедел, тәуелсіз түрде дұрыстап тексеруі керектігін" ескертті"*. (Azattyq, 2022) Дәл осы мақалада осы

ұсыныстарға арналған Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жауабы келтірілген, Қасым-Жомарт Кемелұлы бұл ұсынысты қабылдаған жоқ: *"Шетелде тараптарға келіссөз жүргізіп, проблемаларды бейбіт жолмен шешуге шақырған сөздер айтылып жатыр. Не деген ақымақтық?! Қылмыскерлермен, қанішерлермен қандай келіссөз болуы мүмкін?"*. (Azattyq, 2022) Сонымен қатар, тілшілер Тоқаевтың лаңкестер туралы сөздеоін қайтадан сынға алды: *"Тоқаев үндеуінде өзі айтқан "содырларды", "лаңкестерді", "шолақ белсенділерді", "еркін баспасөз құралдарын", "сырттағы қайраткерлерді" нақты атамады"*.(Azattyq, 2022)

Келесі мақалада Қазақстан өңірлеріндегі наразылық акциядан кейінгі жағдай сипатталған. Сонымен қатар, Алматы қаласында ұсталған белсенділердің қаншауы қарусыз болған тураы ақпарат қолжетімсіз екенін де атплып кеткен: *"Ар.Рух.Хақ" құқық қорғау ұйымының жетекшісі Бақытжан Төрегожина Азаттыққа адвокаттар мен құқық қорғаушылар Алматыдағы арнайы операция кезінде қару қолданбаған бейбіт белсенділердің қаншасы ұсталғанын біле алмай отырғанын айтты"*. (Azattyq, 2022) Сонымен қатар, қазіргі уақытта адвокаттар полиция департаментіне баруға қорқатыны туралы жазылған, себебі ғимарат снайперлермен қоршалған, ал ғимаратқа жақындаған адамдарды атып тастуы мүмкін деген ой бар: *"қалыптасқан жағдайға байланысты адвокаттар Алматы полиция департаментіне баруға қорқады және қолда бар ақпарат бойынша Алматы полиция департаменті ғимаратының үстінде снайперлер тұр. Олар жақындаған адамға "атамыз" деп ескертеді. Ал департаменттің баспасөз қызметі Азаттыққа ешқандай ақпарат бермеді"*. (Azattyq, 2022).

Келесі жаңалықта Қазақстан ұлттық қауіпсіздік комитетінің экс-төрағасы Кәрім Мәсімовтің ұсталғаны туралы жазылған. Оны Қылмыстық кодексінің 175-бабының 1-тармағы, мемлекетке опасыздық жасау ісі бойынша сотқа дейінгі тергеуді бастады.

Келесі жаңалық Қазақстанның экс-президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың баспасөз хатшысы Айдос Үкібайдың мәлімдемесіне негізделіп жазылған. Ол жерде Назарбаевтың елден кетпеген, Нұр-Сұлтанда екенін жазды: *"Елбасы Қазақстанның астанасы Нұр-Сұлтан қаласында. Жалған және спекуляциялық ақпараттар жарияламауды сұраймыз. Елбасы консультативті кездесулер өткізіп, президент Қасым-Жомарт Тоқаевпен байланыс ұстап отыр"*. (Azattyq, 2022).

Келесі жаңалық, азаматтық белсенділер Айбек Сәбитов, Жанмұрат Аштаев, Нұрлан Сыздық, Ләззат Досмағамбетованы полиция үйінен әкеткені туралы ақпарат таралған. Оларды 8 қаңтарға қараған түні және түске дейін қара киім киіп, маска тағып, қару ұстаған он шақты адам үйіне баса көктеп кірген алып кеткен екен. Бұл туралы Азаттыққа белсенділер мен олардың туыстары хабарлаған екен: *"Аштаевтың әйелі Мөлдір Нұранованың сөзінше, түн ортасында қара киім киіп,*

маска тағып, қару ұстаған он шақты адам үйіне баса көктеп кірген. Аштаевты олардан отбасы арашалап алмақ болған. Інісін тепкілеп, басына қару кезегенде Аштаев оны босатуын, ерікті түрде баратынын айтқан. Бірақ оны сол кезде соққыға жыққан". (Azattyq, 2022).

Ақтаудағы наразылар тарап кеткені туралы жаңа мақала шықты, олардың киіз үйлерін белгісіз әлдекімдер алып кеткен екен. Ал митингті жалғастырамыз деген он шақты әкімдік жаққа кеткен екен. Нарративтер өзгермеген.

Келесі мақалада Алматы трагедиясы кезінде он бір жасар балаға оқ тиіп қайтыс болғаны туралы айтылған. Бұл жерде тілші үкімет ұсынған "тәртіпсіздіктер" сөзін қолданғанмен, биліктің "қарулы адамдардың", "содырлардың", "қылмыскерлердің" әлі күнге дейін кім екенін ашып айтпай отырғанын да қайталап жазған. Сонымен қатар, Алматы қаласындағы дүрбелең кезінде Израильдің 22 жастағы азаматы Леван Когиашвили қайтыс болғаны туралы жазып кеткен және Қазақстан билігі 10 қаңтарды жалпыұлттық аза тұту күні деп жариялағаны турады ақпарат берілген.

Сол күні Жаңаөзендегі белсенділер де алаңнан тарады деген жаңалық шықты, бұл жерде фокус ол қалада тек бейбіт митинг өтті деген концепцияға негізделді: *"Жиынға қатысқандар алаңда бес күннен бері тұрғанын, ешқандай тәртіпсіздік жасамағанын, ешкімнің мүлкін бүлдірмегенін айтып жатты". (Azattyq, 2022)*

Алайда бір өңірлерде жағдай жақсарғанмен, кейбір өңірлерде жағдай тұрақсыз болды. Солай-ақ, Ақтөбеде белсенділер ұсталып жатқан екен: *"Ақтөбе полиция департаменті жаппай тәртіпсіздік ұйымдастырды деген айыппен, екі адамды қамауға алды және 9 адамның ісі енді қаралады. Департамент 7 қаңтарда полицияға 366 адам жеткізілгенін, оның 166-сына комендант сағатты бұзды деген айыппен әкімшілік іс қозғалғанын да хабарлады". (Azattyq, 2022), ал Жамбыл облысында бір полицей қаза тапқаны туралы белгілі болған екен: *"Хабар 24" телеарнасы Жамбыл облысында бір полицейдің қаза тапқанын, органның жеті қызметкері жараланғанын, 92 адам ұсталғанын хабарлады". (Azattyq, 2022)**

Қаңтардың тоғызында тек бес жаңалық жарияланды. Ол жерде Ақтөбеде кемі бес наразы ұсталған туралы ақпарат шықты: *"Ақтөбе қаласында қаңтардың басында билікке қарсы бейбіт наразылыққа шыққан кемі бес белсендіні полиция ұстап әкеткен". (Azattyq, 2022)*

Сол күні Берік Уәлі Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған үндеуді толықтай өзі жазып шыққаны туралы айтқан: *"Мемлекет басшысының соңғы шешімдері мен үндеулеріне қатысты блогосферада түрлі интерпретация болып жатқандықтан, мына жайтты хабарлауды жөн деп таптым: Қасым-Жомарт Тоқаев – мемлекеттің ең жоғары лауазымды*

қызметтегі тұлғасы, Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы. Сондықтан ол шешімді өз бетімен қабылдайды. Қазақстанның конституциялық құрылымын бұзу үшін бандиттер шабуыл жасаған қайғылы күндерде де солай болды. Отандастарға арналған барлық үндеулерін ол әдеттегідей өзі жазды, сырттағы кеңесшілердің қолдауына сүйенген жоқ". (Azattyq, 2022)

Одан кейін Azattyq тілшілері қазіргі таңда дүрбелең кезеңде нақты қанша адам қайтыс болғаны мен жарақат алғандардың нақты санын билік әлі күнге дейін бермегенін атап өтті. Сонымен қатар, Қаңтар оқиғасы кезінде 164 адам қаза тапты деген ақпарат жалған бодып шықты, техникалық ақауларға байланысты жарияланған екен. Тілші Қазақстанның барлық өңірлерінде интернет бұғатталғанын сынға алды, осы себептен ақпараттық вакуум пайда болып, ақпарат тек үкіметтік дереккөздерден алынып жатыр деген ой шығарды: *"Қазақстан билігі елде жаздай ушыққан тұста интернетті толық бұғаттап тастады да, елде ақпараттық вакуум пайда болды. Елдегі ресми сайттардың басым бөлігі жабық. Жұрт тек мемлекеттік бақылауындағы арналардан ғана ақпарат алуға мәжбүр. Қазір Қазақстан тұрғындарында алтернативті ақпарат көздері жоқ". (Azattyq, 2022)*

Одан кейін Алматыда ұсталған қырғызстандық музыкант ұсталғаны туралы ақпара жарияланған, оны бүлікші ретінде әлеуметтік желілерде таныстырды. Сол себептен, Қырғызстан Қазақстанға нота жіберді, Викрам Рузахунов террорист екенін же жоққа шығарды: *"Викрам Рузахунов халықаралық фестивальдардың лауреаты, оны елдегі өнерпаздардың көбі біледі. Видеода жұмыссызбын дейді. Олай емес. Ол музыкант, Қырғызстандағы жиындарға да қатыспаған. Қазақстанға жиі барып концерт қоятын". (Azattyq, 2022)*

Одан кейін Еуропа одағының сыртқы саясат қызметінің басшысы Жозел Боррель пікіріне негізделіп жазылған. Ол Қазақстанға көмек көрсетуге дайын екенін және билікті адам құқытарын сақтауға шақырған: *"Біз бұл мәселені бейбіт жолмен шешуге көмек қолын созуға әзірміз". (Azattyq, 2022)*

Оныншы қаңтарда он екі мақала жарияланған екен.

Бірінші мақалада журанлист елдегі ахуалды сипаттау үшін "тәртіпсіздіктер" сөзін қолданды: *"Қаңтар басында Қазақстанның бірқатар қалаларындағы жаппай тәртіпсіздікке байланысты одақтастарынан елге әскер кіргізуді сұраған президент Қасым-Жомарт Тоқаев әскер елде қысқа уақыт болады деп айтқан еді"* (Azattyq, 2022). Фокус ҰҚШҰ әскерлері Қазақстанда жағдай толық тұрақты болғанда кетеді деген ақпаратқа бағытталған, ал мәлімдемені ҰҚШҰ-ның Қазақстандағы контингентіне жетекшілік ететін генерал-полковник Андрей Сердюков берген. Тілші сонымен қатар, тәртіпсіздіктен қанша адамның зардап шеккені туралы ақпарат берілмегені туралы, 16 полицейден бөлек, 26 адамның қаза болғаны туралы жазған. Бұны "билік оларды "террорист" деп атаған"

жақшаға қоршап алып, биләктің мәлемдемесін қайтадан сынады. Сонымен қатар, күштік құрылым өкілдері қаруы жоқ адамдарға да оқ атқаны туралы жазылған.

Одан кейін Алматы қаласындағы тәртіпсіздіктерге қатысты деген екі азматты Орал қаласында ұсталды деген ақпарат жарияланды, бірі тергеу изоляторына қамалған, але екіншісі ешқайда кетпеу туралы қолхатпен босатылған екен.

Одан кейін Алматы қаласында интернет қайта қосылды деген ақпарат жарияланды. Тағы бір мақала, Ұлтық Қауіпсіздік комитеті экстремисттік ошақты жойғаны туралы жазылған: " "Алматыдағы тәртіпсіздіктерге қатысқан екі экстремисттік ошақ жойылды. (Azattyq, 2022) Ұстау кезінде бүлікшілерде қару да табылған екендігі туралы да белгілі болды: *"Бір ошақтың төрт мүшесі ұсталды. Тұратын мекенжайларын тінту кезінде атыс қаруы, шулы гранаталар, оқ, діни әдебиеттер мен өзге де заттай айғақтар табылып, тәркіленді. Екінші ошақтың жетекшісі шетел азаматы жаппай тәртіпсіздіктерге қатысқан және шетелдегі террористік топтармен байланысы болған"*. (Azattyq, 2022)

Одан кейін Алматы мәйітханалардың алдында адамдар жиналғанғ туралы белгілі болды, халық іс-түссіз жоғалған туыстарын іздеп бастады. Тілші, ақпаратты ұсынған кезде, "тәртіпсіздіктер" сөзін қолданды: *"Қаңтар басындағы "тәртіпсіздіктер кезінде" қанша адамның зардап шеккені белгісіз"*. (Azattyq, 2022)

Келесі мақала Қазақстан ұлттық қауіпсіздік комитетінің полковнигі Азамат Ибраевтың қайтыс болғаны туралы ақпаратты қамтиды. Одан кейін, Нұр-Сұлтан қаласында белгілі журналист Махамбет Әбжанның жоғалғаны туралы жазылған. Ол туралы журналистің туыстары мәлімдеген, ол кетер алдында қай жаққа барарын айтпапты, жоғалғанына 5 күн болды. Бұл жәйтта полицияның да әсері болуы мүмкін деген тұдырымды алға тартылды: *"Полицияның оны ұстаған-ұстамағаны белгісіз"*, екенін айтқанмен, осыдан бірнеше күні полицейлер қайта-қайта келгені туралы ақпаратты қосқан. Осы жаңалықтан кейін. Шымкентте жоғалған адамдарды іздеп жатқаны туралы жазылған. Ұсталған адамдардың ішінде наразылар емес, қарапайым халық болғаны туралы жазылған: *"Ұлым наразылыққа шығып, алаңда ұсталса түсінемін. Жұмысқа кетіп бара жатқанда үйдің алдында ұсталды"*. (Azattyq, 2022) Одан кейін, Қазақстанда ұсталған Қырғызстан тумасы және музыкант Рузахунов Бішкекке оралғаны туралы ақпарат жарияланған.

Осы күні жарияланған соңғы жаңалық Тоқаевтың мәлімдемесіне негізделіп жазылды. Ол жерде Тоқаев Қазақстанға шабуыл жасағандарың басқа мемлекет өкілдері екенін айтып, оларды кім жібергенін айтпады: *"Қазақстанға қарсы шабуыл жасағандардың көбі Орталық Азия елдерінен, соның ішінде Ауганстаннан және Таяу Шығыстан келген" деп мәлімдеді. Тоқаевтың сөзін Ақорда жариялады"*. (Azattyq, 2022) Айта кетерлік жайт, бұл сөзі Тоқаевтың Батыс елдері,

халықаралық ұйымдар тарапынан мәселені бейбіт жолмен шешуге шақырған мәлімдемелері көбейген соң, шетелдік басылымдар елдегі ахуалға баса назар аударғаннан кейін берілген жауабы болды. Алайда осы сөзін де редакция сын астына алды, тілшінің айтуы бойынша: *“Қазақстан билігі 5 қаңтарда басталған тәртіпсіздікті "террорлық акт", "шетелде жаттыққан содырлардың шабуылы" деп сипаттайды және "мемлекеттік төңкеріске талпыныс" дейді. Осыған дейін президент тарапынан "террористердің" кім екені, қайдан келгені айтылмай келген еді”*. (Azattyq, 2022)

Берілген уақыт аралығында Azattyq-тың Қаңтар оқиғасы туралы ақпаратты қаңтардың он бірінші жұлдызында жарияданған 17 мақаласы бар екен. Соның ішінде Алматы қаласындағы тәртіпсіздіктен кезінде тағы бір қарғыз азаматы қаза тапты деген ақпарат жарияланған. Одан кейін, заңсыз митингке қатысты деген айыпатумен ұсталған журналист Лұқпан Ахмедияровтың апелляция шағымын қанағаттандырмағаны туралы жазылған. Оқиға екі сөзбен сипатталатын болды *"наразылық" және : "тәртіпсіздіктер": "Қазақстанда наразылықтар мен тәртіпсіздіктер өршіген шақта елде төтенше жағдай жарияланып, интернет өшірілді"*. (Azattyq, 2022) Сонымен қатар, биліктің интернетті бұғаттап тастағаны қайтадан сынға алынды. Келесі жаңалық, Степногорскіде Жаңаөзенді қолдаған азамат Қылмыстық кодекстің 174-бабын (*"әлеуметтік алауыздықты тудыру"*) бойынша қылмыстық іске тартылғаны туралы жазылған, ол кісі митинг кезінде орталық алаңда тікелей эфир түсіріп жатқан Сочнев деген азамат. Сол жерден ұсталып қамалды.

Одан кейін ҰҚШҰ әскери екі күннен кейін өз елдеріне оралатыны туралы ақпарат жарияланған, мақала Президент Тоқаевтың мәлімдемесінен алынған: *"ҰҚШҰ бітімгершілік күштерінің негізгі миссиясы аяқталды. Екі күннен кейін біртіндеп шығарыла бастайды. Контингентті шығару процесі он күннен аспайды"*. (Azattyq, 2022)

Осы күні жарияланған мақаланың бірі Қасым-Жомарт Тоқаев Нұсултан Назарбаевты белгілі бір адамдар тобын байытты деп айыптап сөйлегені туралы жазылған: *"Бірінші президент - "елбасы" тұсында өте табысты компаниялар мен халықаралық деңгейдегі бай адамдардың тобы пайда болды. Халыққа тиесілі халыққа беретін, жүйелі түрде көмектесетін уақыт келді. Үкімет компанияларды анықтап, олармен "Қазақстан халқына" қорына аударатын салымдарын анықтауы тиіс"*. (Azattyq, 2022)

Одан кейін Әлихан Смайылов премьер-министр болып тағайындалғаны туралы мақала шықты. Нарративтер өзгерген жоқ, елдегі ахуалды тілшілер наразылық наразы деген сөздер арқылы сипаттаған: *"5 қаңтарда Қазақстанда сұйытылған газдың қымбаттауына байланысты наразылық өршіген тұста үкімет отставкаға кеткен болатын. Сол кезде Әлихан Смайылов*

премьер-министр міндетін атқарушы болып тағайындалған". (Azattyq, 2022) Келесі жаңалық қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының жетекшісі Нариман Табынбаев хабарламасына негізделіп жазылған, ол жерде Алматыда қаңтардағы оқиға кезінде 1200-ден астам адам дәрігер көмегіне жүгінгені туралы ақпарат беріледі. Оқиға "тәртіпсіздік" және "наразылық" сөздерімен сипатталады: *"Алматыда қаңтар басындағы наразылық пен тәртіпсіздіктер кезінде көптеген жүргізуші мен қызмет түрлері жанар-жағармай тапшылығына ұшыраған. Қалада байланыс нашарлап, интернет өшірілген". (Azattyq, 2022)*

Одан кейін 4 қаңтарда Жаңаөзендегі наразыларды қолдап, Тараздағы орталық алаңға бейбіт митингіге шыққан Тараз қаласының тұрғындарын полиция тергеп жатыр деген мақала шықты. Оқиға "наразылық" сөзі арқылы сипатталды: *"Нұрадин Рақаймен бірге наразылыққа шыққан өзге азаматтардың тергеуге шақырылғаны туралы әзірге ақпарат жоқ". (Azattyq, 2022)*

Келесі, Өскеменде әкімдікке қарайтын altaynews.kz сайтының редакторы Дарын Нұрсапар "заңсыз митингіге қатысты" деген айыппен 15 күнге қамалған, ол кісі наразылыққа қатысуға тыйым салғанмен, қалада болып жатқан ахуалды кәсібі міндеті ретінде қабылдады. Нарративтер өзгермеген. Тағы бір мақала Өзбекстанда журналистер мен блогерлерге Қазақстандағы оқиға жайында жазуға, видеолар таратуға және митингілерге шақыруға тыйым салынғаны турлаы жазылған.

Одан кейін Жанюлат Мамайды біреу алаңда соғып кеткені турады ақпарат шығарылды, нарративтер өзгерген жоқ: *"Жанболат Мамайға 5 қаңтар күні қаруланған белгісіз арандатушылар қастандық жасады".(Azattyq, 2022)* Одан кейін үкіметтің жаңа составы бекітілгені туралы ақпарат шықты. Нарративтер өзгермеген: *"5 қаңтарда Қазақстанда сұйытылған газдың қымбаттауына байланысты наразылық өршіген тұста үкімет отставкаға кеткен болатын". (Azattyq, 2022)* 11 қаңтарда Түркістан облысындағы 4 аудан әкімдігі Шымкентте қаңтардағы оқиға кезінде қайтыс болған 9 адамның жерленгенін растағаны туралы ақпарат шықты, пл Ақтөбеде белсенділер әлі ұсталып жатқаны туралы жазды. Нарративтер өзгерген жоқ. Және де соңғы жаңалық, Қаңтар оқиғасы кезіндегі ұсталған және айыпталған қырғыз азаматтарын Біріккен Ұлттар Ұйымы арқылы қорғайтынын шешкен, бұл мәселе Жогорку Кеңеш жиналысында талқыланған екен: *"Үйлестіру кеңесі БҰҰ-ның азаптау мәселелері жөніндегі арнайы баяндамасына хабар жібереді"* дейді орталық өкілдері.(Azattyq, 2022)

Талқылау және нәтижелер

Тоқаев қаңтардағы тәртіпсіздіктерді Қазақстанның "егемендігі" мен "аумақтық тұтастығына" жасалған шабуыл, мемлекетіміз бен азаматтарымызға жасалған шабуыл деп түсіндіреді.

Мұндай фрейминг барлық қазақстандықтарға әділетсіздік сезімін тудыруға бағытталған және мемлекет пен азаматтарды "сырттан" келген қарақшылар мен террористерге қарама - қайшы келетін ортақ азаматтық бірегейлікке баса назар аударып, бір жаққа қоятынын байқауға болады. Ол адал болып қалғандарды мақтады. Қаңтар оқиғасы кезіне өз нұсқасын ілгерілету, жаппай зорлық-зомбылық, қирау және адам өліміне кінәні жатқызу, өзінің радикалды және ерекше шараларын ақтау және халықтың қорғаушысы ретіндегі рөлін растау үшін баяндау шеңберін әзірледі. Сонымен, бұл стратегиялық баяндау шаң басылған кезде аяқталған жоқ. Оның орнына, ол режимнің халықты бақылауды күшейту жөніндегі ұзақ мерзімді мақсаттарын заңдастырушы құрал ретінде қызмет етуді жалғастырды.

Екі баспасөздің Қаңтар оқиғасы кезіндегі мақалаларын салыстырған кезде бірнеше ерекшелікті байқауға болады.

Мәселен, Tengrinews.kz баспасөзінде жаңалықтар белгілі санат бойынша сортталмаған соң, ақпарат табу қиындығы туындады. Сонымен қатар, Tengrinews.kz веб-сайтында кейбір жаңалықтардың өшірілгені туралы белгілі болды. Мысалы, Tengrinews.kz-те орысша жарияланған мақалалары, қазақшаға қарағанда көбірек жарияланды және олар қазақ тіліне аударылмайтыны анық болды. Мысалы, орысша жазылған төрт жасар қыздың оқтан қайтыс болғаны туралы мақала, "Январские события" деген орысша жазылған санатынан табылса, қазақ тілінде жазылатын жаңалықтар бөлімде "Қаңтар" немесе "Қаңтар оқиғасы" санаттарында жарияланбаған.

Сонымен қатар, Tengrinews.kz-те Қаңтар оқиға кезінде 8 мақала жариялаған. Бұл құбылыс өте қызық болып көрінді, себебі Tengrinews.kz 7 қаңтардан бері бұғатталмай, ақпарат таратуға рұқсат алған баспасөздерің бірі болған. Мақалалардың бәрінде диссертацияда белгіленген үкіметтік нарративтер сақталған. Мысалы, оқиғаның өзі "тәртіпсіздіктер" деп берілген, ал шеруге қатысушылар "бүлікшілер", "содырлар", "лаңкестер" және тағы басқалары, деп белгіленген:

"Алматыдағы тәртіпсіздіктер кезінде қатты зардап шеккен ғимараттардың бірі - Asia Park сауда орталығы. Алдымен қарақшылар сауда орталығын талқандап, дүкендердегі тауарларды қолды қылған. Соның ішінде Asia Park-тегі Fora техника дүкеніне миллиондаған шығын келген. Tengrinews.kz

тілшісі дүкен қызметкері Жанболат Болатовпен сөйлесіп, қарақшылар шабуылынан кейінгі жағдай туралы сұрады". (Tengrinews.kz, 2022)

Айта кетерлік жәйт, Tengrinews.kz-тың осы тақырыпта жарияланған мақалалары тұрақты түрде ұзақ емес, тек үкімет берген ақпараттарды қамтиды, яғни күәгерлер немесе белсенділердің өзінен алынған ақпарат жоқ.

Ең ұзақ мақаласы 8 абзацтан, 500 сөзден тұрады.

Сонымен қатар, жоғарыда айтылып кеткендей, үкімет нарративтерін тарату халыққа тараған үндеулер арқылы идеология мен режимді бекейтеді. Мәселен, Үкімет пен оның одақтастары мәселелер мен олардың шешімдерінің қалай ұсынылатындығын бақылайтын, сондай-ақ "саяси статус-квоға балама тұжырымдау мүмкіндігін" шектейтін нақты идеяларды, нарративтер мен фреймдерді әзірлейді және бекітеді. Әдетте, бұл нарративтер әлеуметтік көзқарастар мен пікірлермен үндеседі, осылайша "тереңірек гегемонияны" тудырады. Бұл кезекте аудитория осы нарративтері "ақылға қонымды" деп қабылдайды (Gramsci, 1971, 321-331 б.; Lewis, 2016, p. 422; Rampton, 2011), сондықтан қажетті идея, сайып келгенде, адамдардың санасында да бекітіледі.

Екі баспасөздің айырмашылығы тек нарративтерінде ғана емес, сонымен қатар контентінде де байқауға болады. Tengrinews.kz, мысалы, азаматтық және құқықтық аспектілерді қарастырған жоқ. Сонымен қатар, екі ел арасындағы шу болған Қырғызстан азаматы және музыкант Викрам Рузуаханов туралы мақала жазбаған. Ал Azattyq-та осыған байланысты 3 мақала жарияланған, тек осы жаңалықты қарастырсақ та, Azattyq бір жаңалықты бірнеше қырдан ашқанын көруге болады, сол себепті осы зерттеуде де тәуелсіз яғни бейтарап ретінде алынып отырғаны да сол

Мәселен, бірінші жарияланған мақалада музыканттың Алматыда ұсталғаны мен ол кісінің достары берген комментарийлері туралы жазылған:

"Қазақстандық телеарналар 9 қаңтарда елдегі митингіге қатысқаны үшін ақша алды деп қырғызстандықты көрсеткен еді. Ал Қырғызстан тұрғындары Қазақстан арналары көрсеткен адам белгілі джаз музыканты әрі пианист Викрам Рузахунов екенін айтып жатыр.

Видеодағы адам жұмыссыз екенін, 1 қаңтарда белгісіз адамдар митингіге қатысу үшін 90 мың теңге ұсынғанын, билет әпергенін, пәтерге орналастырғанын айтады. Сөйлеп тұрған адамның бетінде соққы іздері бар, бір көзі ісіп кеткен.

Артынша қырғызстандықтар бұл адамның белгілі музыкант Викрам Рузахунов екенін айтып, кейбірі оған бұл сөздерді азаптап айттырды дейді". (Azattyq, 2022)

Бұл мақалада да күштік құрылымның болжамды заңсыз әрекеттен сынаған фокуспен бөрге, адам құқығы бұзылғанын да көруге болады.

Екінші мақалада қырғызстандық азамат және пианист Викрам Рузу[ановтың босатлығы, еліне оралғаны туралы жазылған:

"Қазақстанда ұсталған қырғызстандық музыкант Викрам Рузх[фунов 10 қаңтарда босатылып, Бішкекке келді. Бұл туралы Азаттықтың Қырғыз қызметіне таныстарының бірі хабарлады.

9 қаңтарда "Қазақстан" және "Хабар 24" арналары "Қазақстандағы митингіге қатысқаны үшін ақша алды" деп бір қырғызстандықты көрсеткен еді. Ал Қырғызстан тұрғындары Қазақстан арналары көрсеткен адам белгілі джаз музыканты әрі пианист Викрам Рузахунов екенін жаппай айта бастады". (Azattyq, 2022)

Ал үшінші болып жарияланған мақалада, жалпы, қырғызстандық азаматтардың және басқа елдердің азаматтары болса да наразылық акцияға қатысты және "террорист" деген лақаппен дәлелсіз, яғни заңсыз түрде түрде ұсталып айыпталғаны үшін, Жогорку Кенеш халықаралық ұйымдар арқылы өз азаматтарының құқығын қорғайтыны туралы мәлімдеді: *"Қырғызстанның азаптауға қарсы ұлттық орталығы 10 қаңтарда Үйлестіру кеңесінің шұғыл жиналысын өткізіп, Қазақстанда өткен аптада болған оқиғалар кезінде ұсталған қырғызстандықтарды қорғау мәселесін талқылады. Бұл жөнінде Азаттықтың Қырғыз қызметі хабарлады. Жиналыс соңында Жогорку кеңеш пен үкіметке Қырғызстан азаматтары қамауда отырған орындарға мониторинг жасаумен айналысатын арнайы комиссия құру жөнінде ұсыныс жасау туралы шешім қабылданды. Бұл комиссияға медицина қызметкерлері де кіруі тиіс. Олар Қазақстанда қамауда отырған қырғыз азаматтарын азаптау әрекеттерін дәлелдеу үшін қажет. Бұған қоса, орталық БҰҰ-ға шағымдануды көздеп отыр". (Azattyq, 2022)*

Осы жерде Azattyq баспасөзі жариялаған жаңалықтардың мақсаты тек ақпарат тарату емес ғана, сонымен қатар жаңалықтрады оқып, елдегі ахуалды түсініп отырған халықты "updated" қылу, яғни ахуалдың бейнесін жаңыртап тұруды мақсат еткен сияқты – Tengrinews.kz ақпарат агентігін жариялаған мағлұматтырана анализ жасағанда, керісінше тек ақпарат таратқанды көздеген сияқты тұжырымға келген соң, Azattyq-тың бұл қасиеттін бөлек айтып шыққан жөн болар. Солай да, іс-түссіз жоғалған адамдар туралы немесе олардың мәлімдемелеріне көп назар аудармаған, осы тақырыпта тек бір жаңалық жариялаған: *"Алматыдағы тәртіпсіздіктер кезінде зейнеткер дүкенге кетіп, із-түссіз жоғалған. Үйден шығып кеткеніне бес күн болған. Балалары әлі күнге іздестіріп жатыр. Tengrinews.kz тілшісі баласы Асыл Мұхаметәлиевпен сөйлесіп, жағдайдың мән-жайын білді". (Tengrinews.kz, 2022)*

Ал Azattyq сол уақытта Қаңтар оқиғасы болған кезде, жоғалған немесе қайтыс болып кеткен азаматтар үшін бөлек бөлім ашып, ақпаратты жаңартып отырған, және мақалалар да жариялаған. Айта кетерлік жәйт, Tengrinews.kz мәйітханалар

алдында болған кезектер туралы ақпарат жазбаған, ал Azattyq керісінше 3-4 мақаласын осы тақырыпқа негіздеп жазған. Мысалы. :

"Алматыда Қазыбек көшесіндегі мәйітхананың алдында ондаған адам жиналып тұр. Бұл жерге қаңтар алдындағы "тәртіпсіздіктер кезінде" із-түзсіз жоғалған туысын іздеген немесе сол кезде қаза болған туыстарының денесін тану үшін келген адамдар тұр. Арнайы жасақ Азаттық тілшісіне мәйітхананы түсірмеуді ескертті". (Azattyq, 2022)

Сондай-ақ, Azattyq-та жарияланған мақалалар тұрақты түрде лонгрид кейпінде жарияланған. Azattyq тілшілері мақалаларын тек ресми ақпаратқа ғана сүйеніп жазбай, сонымен қатар митингке қатысқан белсенділерден, олардың туыстарынан, халықаралық ұйымдардың шолуларын ескере отырып жазған. Мақалалардың көбісі соңында шаблонды ақпаратты қамтиды, мысалы Қаңтар оқиғасының шарықтау кезінен бастап соңына дейін бұл баспасөз мақалаларында наразылық акцияның хронологиясын шаблон ретінде әр мақаланың соңында беріп отырған, ол жерде веб-сайтта жарияланған басқа да мақалалардың сілтемесін де қосып отырған:

"Қазақстан билігі 10 қаңтарды жалпыұлттық аза тұту күні деп жариялады.

2 қаңтарда Жаңаөзенде халық сұйытылған газ бағасының 60 теңгеден 120 теңгеге көтерілгеніне қарсы шыққан. Кейін Жаңаөзендегі наразылықты елдің басқа аймақтары да қолдады. Үкімет Маңғыстау облысында газ бағасы елу теңге болады деп шешім шығарса да, наразылық басылмады. Наразылар елдегі қымбатшылықты айтып, биліктің отставкасын және 1993 жылғы Конституцияны қайтаруды талап қылған.

5 қаңтар түнде Алматыда мыңдаған адам Республика алаңына жиналып, қымбатшылыққа қарсы наразылық білдірді. Полиция оларға қарсы көзден жас ағызатын газ, резеңке оқ, шулы граната қолданды. Елдің басқа аймақтарында да түнде наразылық жалғасты.

5 қаңтар түске таман президент Тоқаев үкімет отставкасын қабылдады. Елдің басқа аймақтарында - Ақтау, Шымкент, Ақтөбе, Өскемен, Семей, Оралда да наразылық жалғасты.

5 қаңтар түс ауа Алматыда тәртіпсіздік күшейіп, белгісіз адамдар тобы қала әкімдігінің ғимараты мен әуежайға басып кірді. Қала әкімдігінің өртке оранғаны көрінетін видеолар тарады. Алматыда ондаған сауда орындары, дүкендер, банктер тоналғаны хабарланды. Тоқаев 6 қаңтарда Қауіпсіздік кеңесі жиынында Алматыдағы шабуылға "террористік топтарды" айыптады. Бірақ ол айтқан "террористік топтардың" 2 қаңтардан бергі наразылыққа шыққандарға қатысы бар екеніне нақты дәлел жоқ.

Қазақстан президенті "террористік бандиттер" деп атаған адамдардың кім екені белгісіз. Тоқаев оларды бұлай атауға қандай негіз болғанын, олардың қайдан келгенін, неге мұны "агрессия" деп есептейтінін анық айтпады. Кейінгі күндері Қазақстанда қандай да бір террорлық әрекеттер, әскери операция болып жатқаны жайлы ақпарат айтылмаған еді.

5 қаңтарда елде жағдай ушыққан тұста Тоқаев ҰҚШҰ-дан көмек сұрады. Ұйымға мүше Ресей, Армения, Беларусь Қазақстанға көмекке әскер жіберетіндерін мәлімдеді. 6 қаңтар кешкісін ресейлік әскерилер елге жетті.

Билік елде толығымен төтенше жағдай жариялаған.

7 қаңтарда Тоқаев "содырларға оқ атуға бұйрық бергенін" мәлімдеді. Ал 8 қаңтарда ҰҚК бұрынғы басшысы Кәрім Мәсімов "мемлекетке опасыздық жасау" айыбымен ұсталды". (Azattyq, 2022)

Ал келесі шаблонды наразалық акцияның басында әр мақаланың соңында жарияланып отырған:

"2 қаңтар күні таңертең Жаңаөзен қаласында газдың қымбаттауына наразы жүздеген адам көшеге шығып, жолды жапқан. Олар биліктен бір литр газдың бағасын 50-60 теңгеге дейін түсіруді талап етті.

Сол күні облыс әкімдігі мен энергетика министрлігі сұраныс өсірген газ бағасы **бұрынғы қалпына қайта келмейтінін** ескерткен. 3 қаңтарда үкімет Жаңаөзен жұртының талабы бойынша комиссия құрылғанын, газ бағасы арзандайтынын **хабарлады**.

Жаңаөзендегі наразылыққа әлеуметтік желідегі жұрт қолдау білдіріп, Қазақстанның басқа аймақтарында наразылыққа шығуға үндеу тастағандар болды. Ақтауда бір топ адам 2-сінен 3 қаңтарға қараған түнді алаңда өткізгенін, биліктен ешкім келмегенін айтты. Нұр-Сұлтанда қымбатшылыққа байланысты ойын айтып алаңға шыққан бірнеше адамды полиция ұстап әкетті. Астанада, Алматыда, Шымкентте митинг болады деп белгіленген орындарда полиция күзеті күшейді. Алматыда орталық алаңдар жабылды". (Azattyq, 2022)

Сонымен қатар, Azattyq үкіметтің ақпаратын қанша таратқанымен, оқиғаны сипаттау үшін қолданылған нарративтер өзгерген жоқ. Бұл баспасөздегі тілшілер ахуалды сипаттау үшін "наразылық акция", "наразылық", "митинг" ретінде белгілейді, ал қатысушыларды наразылар ретінде берген: "Жаңаөзенде митингіде тұрған жұрттың басым көпшілігі тарады, алаңда ондаған адам қалды", ал Tengrinews.kz осы сөздерді тек бір мақалада, оқиғаны қорытынды үшін пайдаланғаны белгілі:

"Жаңаөзендегі наразылыққа билік жауабы: сұраныс өсірген газ бағасы бұрынғы қалпына қайта келмейді". (Tengrinews.kz, 2022).

Azattyq баспасөзі тек Алматыда қаласында болған жәйітті бірнеше мақаласында "тәртіпсіздік" ретінде берген:

"5 қаңтар кешкісін ІІМ Алматыдағы тәртіпсіздік кезінде 8 полицей мен ұлттық гвардия сарбаздары қаза болғанын хабарлаған. Кейін Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Алматыдағы тәртіпсіздікті "террористік бандалар" ұйымдастырды деп, ҰҚШҰ-дан көмек сұраған еді. Ресей басқаратын ҰҚШҰ Қазақстанға бітімгершілік әскерін жіберетінін мәлімдеді". (Azattyq, 2022) және Тоқаевтың содырлар туралы сөзін үнемі сын астында алатынын да байқауға болады, себебі не агрессия, не содырлар туралы мақалаларын келесі оймен түйіндейді: *"Қазақстан президенті "террористер" деп атаған адамдардың кім екенін, оларды бұлай атауға қандай негіз болғанын, олардың қайдан келгенін, неге мұны "агрессия" деп есептейтінін анық айтпады. Соңғы күндері Қазақстанда қандай да бір террорлық әрекеттер, әскери операция болып жатқаны туралы ақпарат болмаған". (Azattyq, 2022)*

Ал Tengrinews.kz керісінше шерушілердің бәрін "содырлар" деп белгілейді:

"Ол 6 қаңтарда теледидардан содырлар Қалқамандағы №7 қалалық клиникалық ауруханаға басып кірді деген ақпаратты естіп, несиесі әлі бітпеген көлігін алып кетейін деп барған. Шамамен сағат түскі 14.00". (Tengrinews.kz, 2022)

Жалпы, Tengrinews.kz ақпарат агентігінің тілшілері алаңға шыққан адамдарды ешқандай категорияларға бөлмейді. Түгел халыққа жаппай "лаңкестер" ретінде белгілейді, ал Azattyq оқиғаның өршеуіне қарай шерушілерді үш категорияға бөлгені анық, олар: *араңдатышулар, наразылар және белгісіз адамдар.*

Сонымен қатар, Tengrinews.kz жалпы оқиғаларды сипаттау үшін "тәртіпсіздіктер", "жаппай тәртіпсіздік" немесе "ахуал" деген сөздерді пайдаланды: *"Дайындық қанша уақыт жүргені тергеуде анықталады". Тоқаев тәртіпсіздіктер туралы айтты". (Tengrinews.kz, 2022)*

Ал келесі мысалда "ахуал" деп жазды: *"ҰҚШҰ саммиті барысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі ахуал туралы айтты, - деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі". (Tengrinews.kz)*

Tengrinews.kz ақпараттық агентігінің тілшілері "Наразылық акция" деген сөзді бір рет қолданды, ол жерде Tengrinews.kz алғаш рет елдегі оқиғаны толықтай түсіндіріп, хронология ретінде егжей-тегжейлі ақпарат береді, ал Azattyq бұл практиканы шаблон ретінде қолданғаны туралы жоғарыда айтылған:

"Жаңаөзенде басталған наразылық акциясы Қазақстанның түкпір-түкпірінде жалғасып, ал бүгін үкімет отставкаға кетті. Халықтың талабы орындалды. Tengrinews.kz тілшісі Жаңаөзенде басталып, еліміздің

көптеген қаласында жалғасқан наразылық акциясы туралы материал дайындады". (Tengrinews.kz, 2022)

Осы мақалада да Tengrinews.kz тілшілері елде болып жатқан оқиғаны "Бейбіт митинг" деп сипаттады:

"Бейбіт митингке шыққан жаңаөзендіктер түнде де тараған жоқ. "Талабымыз орындалғанша қайтпаймыз" деді. Халық сонда тамақ істеп, жылынды". (Tengrinews.kz, 2022)

Алайда дәл осы мақаланың ішінде бөлек бөлім қылып үкіметтің қабылдаған шараларын да тізіп жазады:

"Ералы Тоғжанов бастаған комиссия кеше Жаңаөзен мен Маңғыстау белсенділерімен келіссөз жүргізді. Нәтижесінде тұрғындардың талабы орындалып, өңірде сұйытылған газ бағасы 50 теңгеге түсті". (Tengrinews.kz, 2022) және "Ақтөбеліктер митинг кезінде ұсталғандарды босатып, сұйытылған газды 50 теңгеге түсіруді талап еткен. Кеше түнде әкімдік екі талап та орындалатынын мәлімдеді". (Tengrinews.kz, 2022)

сонымен қатап, "Ал бүгін ертеңгісін Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет отставкасын қабылдау туралы Жарлыққа қол қойды. Үкімет мүшелері жаңа құрам бекітілгенше қызметінде қалады." (Tengrinews.kz, 2022)

Айта кетерлік жәйт, үстінде Tengrinews.kz мақаласынан алынған ақпараттағы үкіметтің қабылдаған шаралары, тілшілер мақала ішінде қою қылып белгілеген.

Сонымен бірге, Azattyq тілшілері күштік құрылымның әрекеттерін де сын астына алады, тілшілер көп мақалаларында фокусын полицияның заңсыз әрекеттеріне бағыттап жазды, солардың бірі белсенділерді ұстап, қамауға алғаны мен ұрып-соғуына назар аударған.

Ол туралы Азаттыққа белсенділер мен олардың туыстары хабарлаған екен: "Аштаевтың әйелі Мөлдір Нұранованың сөзінше, түн ортасында қара киім киіп, маска тағып, қару ұстаған он шақты адам үйіне баса көктеп кірген. Аштаевты олардан отбасы арашалап алмақ болған. Інісін тепкілеп, басына қару кезегенде Аштаев оны босатуын, ерікті түрде баратынын айтқан. Бірақ оны сол кезде соққыға жыққан". (Azattyq, 2022).

Бұл құбылысты полиция қырғызстандық пианисті Викрам Рузузановты ұстаған деген мақаласында да байқалатыны жоғарыда айтылды.

Сонымен қатар, ұстау кезінде шеруге қатыспаған, қарапайым азаматтарды ұстағанын да, , вахтадағы жұмысшыларды заңсыз түрде қатыгездікпен алып кеткені туралы, және бейбіт азаматты жұмысқа барар кезде алып кетіп, ол кісінің сол кездегі уақытқа дейін қайда екені белгісіз екені мәлім болды:

"5 қаңтарда кешке қарай Нұр-Сұлтандағы "Артем" және "Шапағат" сауда орталықтарының ортасында үлкен наразылық шарасы өтіп, полицияның арнайы жасағы ондаған адамды қатігездікпен ұстап әкетті." (Azattyq, 2022) немесе еш

түсіндірусіз вахталық жұмыстан қайтып келе жатқан жерден, бірне неше адамнан тұратын топты қолдарынан бұрап, *"митингке қатысайын деп жатсындар"* деген айыппен ұсталғандар туралы бөлек мақала шықты:

"6 қаңтарда вахталық жұмыстан қалаға қайтып келе жатқан 35 адам ұсталған еді. Ұсталғандардың туыстарының айтуынша, вахталық жұмысшылар мінген автобусты қалаға кіреберісте тоқтатып, ішіндегі адамдарды алып кеткен. Бұған қоса қалада 5 қаңтардағы митинг кезінде ұсталғандардың да қайда екені белгісіз". (Azattyq, 2022)

Tengrinews.kz тілшілері күштік құрылымның қатыгез және заңсыз әрекеттері туралы жазбаған, тек баспасөздің екеуінде 5 айлық баласы мен шешесін ұсталғаны туралы жазған екен: *"Сонымен қатар, астанада ұсталғандар 50 адамның ішінде бес айлық сәбиін көтерген әйелдің болғаны да мәлім болды, ол жылынбақ болып, аялдамаға келген кезде полиция оны коляскасымен бірге көтеріп, ұстап әкеткен екен".* (Azattyq, 2022) және Tengrinews.kz былай жазған: *"Ал полицейлер "елорданың 30 жастағы тұрғыны мен оның 5 айлық баласын шағын автобуспен үйіне апарып тастағанын" мәлімдеді"* (Tengrinews.kz, 2022) Ұсталған адамдардың ішінде наразылар емес, қарапайым халық болғаны туралы да тек Azattyq жазған екен: *"Ұлым наразылыққа шығып, алаңда ұсталса түсінемін. Жұмысқа кетіп бара жатқанда үйдің алдында ұсталды".* (Azattyq, 2022)

Сонымен қатар, белсенділердің үйлері күзетіліп, оларға алаңға шығуға мүмкіндік бермей жатқаны туралы да тек Azattyq жазған екен:

"3 қаңтарға қараған түні Шымкенттегі Ордабасы алаңына шығып, Жаңаөзенде газдың қымбаттағанына наразылық білдіргендерді қолдаған белсенділердің үйін полиция күзетіп, кейбіріне ескерту берді". (Azattyq, 2022)

Журналистердің жұмысына кедергі жасап, оларды ұстау туралы ақпаратты да Azattyq тілшілері таратқан.

Сонымен қатар, Tengrinews.kz тек үкіметтік нарративтерді таратқан соң және митингке шыққан адамдарды Президент Тоқаевтың нарративтерін пайдаланған соң, ақпарат арқылы халықтан алшақтағандай көрінеді. Ал Azattyq, керісінше, назарын халыққа бағыттап, үкімет пен күштік құрылымның жұмысын сынап отырды:

"Сол күні Жаңаөзендегі белсенділер де алаңнан тарады" деген жаңалық шықты, бұл жерде фокус ол қалада тек бейбіт митинг өтгі деген концепцияға негізделді: *"Жиынға қатысқандар алаңда бес күннен бері тұрғанын, ешқандай тәртіпсіздік жасамағанын, ешкімнің мүлкін бүлдірмегенін айтып жатты".* (Azattyq, 2022)

Сол себепті, Tengrinews.kz-тың, нарративтеріне сай, таратқан ақпарат халықтың санасына сол кезде елде болып жатқан ахуалды "тәртіпсіздіктер" ретінде ойды нығайтады, ал алаңға шыққан адамдар тек "содырлар" және олардың

мақсаты "елді басып алмақ болған" идеяны одан әрі күшейтеді. Себебі, Tengrinews.kz ақпарат агенттегінде жарияланған ақпарат ішінде наразылық акцияның не үшін басталып, мақсаты да қандай болғаны туралы онша жазылмаған. Жоғарыда айтылып кеткендей, тек бір мақала жариялаған.

Tengrinews.kz редакциясының тілшілері өз ақпаратында арандатушылардың ішінде мас адамдар болғанын және қарақшылар ішінде әйелдер болғанын алға тарды жазады.

Мәселен, Tengrinews.kz редакциясы бұл ақпаратты пайдаланып, оны тақырыпқа шығарды *"Арасында мастар бар". Алматыда қарулы топты алаңға жеткізген жүргізуші оқигасын баяндады*" (Tengrinews.kz, 2022) деп шығарған, ал болған іске бөлек жаналық арнап жазған:

"45 жастағы Ғалымжан есімді алматылық 6 қаңтарда қалада жаппай тәртіпсіздіктер белең алғанда түрлі заттармен қаруланған бір топ адамды №7 қалалық клиникалық аурухана маңынан Республика алаңына дейін көлігімен жеткізіп салған. Әрине өз қалауымен емес. Зияны тиіп кете ме деп қорыққан ол "жеткізбеске амалым болмады" дейді. Жолда жанармай құю бекетіне де тоқтатқызған. Ғалымжан (Тегін жасыруды сұрады. - Автор.) Tengrinews.kz тілшісіне сол күні Қалқаман шағынауданына не үшін барғанын, қарулы топқа қалай тап болғанын, олардың мақсаты мен неге оқиганы бірден полицияға хабарлай алмағанын баяндап берді". (Tengrinews.kz, 2022)

Бірақ, шерушілер арасында мас адамдар бар екені туралы Azattyq пен Tengrinews.kz редакцияның екеуінде жазған.

Алайда, Azattyq бұл ақпаратты контекст ішінде шолып берген, және наразыларды бөлек, мастар адамдарды сұхбат берушінің сөзіне сай "арандатушылар" ретінде бөліп қойды:

"Наразылардың дені – жастар. Арасында бізге мас адамдарды жіберіп, арандатуға тырысқандай болады...". (Azattyq, 2022)

осылай да бірден, қатысқан адамдардың ішінде террористтер емес, басым бөлігі жәй ғана жастар болғанын да белгілеп кетеді.

Үстінде жазылған ақпараттың бәрін қорытындайтын болсақ, аталған екі баспасөздің мақалалары мен нарративтерін салыстырған кезде, көптеген айырмашылық көрінетіні анық. Жарияланған ақпарат, тіпті тек мақала тақырыптары мен нарративтері арқылы ерекшеленбейді. Сонымен қатар, оқиганы қай қырынан көрсететіні, елде болып жатқан ахуалды қалай сипаттайтыны және назар аударған мәселелері арқылы да ерекшеленеді. Сонымен қатар, тек қана бір баспасөзді оқып отырған адам, болып жатқан оқиганы біржақты оқығаны немесе санасында анализ пайда болуының да ерекшелігіне айтып кетсек болады. Мысалы, адам тек Tengrinews.kz ақпарат агенттігінің жариялаған жаңалғын ғана оқып отырса, оқиганың өзіңшынымен де тәртіпсіздік ретінде қабылдап, алаңға шыққан

адамдардың бәрі "содырлар" деп біледі. Сонымен қатар, үкіметтік нарративтер Қазақстан Республикасының Президентін елдігі ахуалдың шешуші қаһарманы ретінде белгілеген соң, адам да күштік құрылымның әрекеттерінің ішінен еш ағаттықты көрмей, Қасым-Жомарт Тоқаевқа бағытталған эмпатиясы жәй ғана күшейіп отыратыны анық.

Ал енді керсінше, осы оқиға жайлы тек Azattyq-ты оқып отырған адамның жоғарыда көрсетілген редакцияның оқырманына айырмашылға зор болатыны айдан анық. Неліктен десек, мақалалардың өздері бірнеше қырдан жазылған: тілшілер елдегі мәселені тек бір қырынан, яғни "дағдарыс" ретінде ғана бермей, азаматтық, халықаралық, құқықтық және кәсібі аспектилерінен қарастырып, тақырыпты ашып отыр. Сонымен қатар, мысалы, Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзін жәй ғана жоққа шығара салмай, елдің санасына сұрау ретінде анализ үрдісін бастайды, *"шын мәнімен ол "террористер" кім және алдына қандай мақсат қойды екен?"* деген сұраққа адам автоматты түрде жауап іздейді. Солай-ақ, күштік құрылымның әрекетін тек "өз жұмысын атқарып жатыр" деп қабылдап, қатыгездігі мен заңсыз әрекетіне көзін жұмып қарғаннан алшақтатады. Сонымен қатар, Azattyq тілшілері Тоқаевтың ескертусіз от жаудыру бұйрығын бір неше рет атап өтті, ғалымдар бұл жерде Тоқаев өзінің антидемократиялық өкілеттіктерін толығымен ашқанын айтады. (Anceschi, 2024a) Кейбір ғалымдар, Тоқаевтың осы әрекеті, яғни бейбіт наразылық білдірушілерге қатандық, ескертусіз оқ ату туралы бұйрық және олардың арасында көптеген құрбандар кейіннен наразылық білдірушілер мен оларға жанашыр Алматы тұрғындарын Тоқаевтан жирендірді, бұл "біз террорист емеспіз" сияқты ұрандар болды. (Кривенко, 2022a) Ал үкімет бұл бұйрықты негіздеу үшін бірқатар кадрларды орналастырды. Тоқаевтың айтуынша, " стихиялық наразылықтардың атын жамылып, тәртіпсіздіктер толқыны басталды. Діни радикалдар, қылмыстық элементтер, атышулы қарақшылар, тонаушылар және ұсақ бұзақылар бір команданың қол астында әрекет еткендей әрекет етті". Бұл оқиғалар "қастандық" (замысел) және "дайындалған" (подготовка) деген ұғымды бүкіл гегемониялық баяндаудан көруге болады . Қатысушылардың мақсаты, үкіметтің пікірінше, " конституциялық құрылысты бұзу, басқару институттарын жою, билікті басып алу " болды. Ол жағдайды Сириямен салыстырды, онда" террористер Дамаск пен Ракканы басып алуға тырысты ". Қатысушылардың террористер ретінде мұндай құрамы келіссөздер жүргізуге орын жоқ дегенді білдірді. (Karibayeva & Lemon, 2022h).

Сонымен қатар, анализ барысында Тоқаевтың нарративтері ол кісігі тікелей, Жаңа Қазақстанның құруына байланыстырады. Алайда, ғалымдар "Жаңа Қазақстанның" қаншалықты жаңа екеніне және реформалардың соңғы пакеті шынымен де басқаруды жақсартуға, азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға және саяси кеңістікті демократияландыруға мүмкіндік беретініне күмәнмен

қарайтынына қарамастан. Алайда, егер ол шынымен де жоғарыдан төменге қарай технократиялық авторитаризмге қайта оралса, енді Ол Президент Тоқаевтың жаңа басшылығымен болады. Қаңтардағы оқиғалар Тоқаевқа гегемониялық баяндауды қазіргі әкімшілікті заңдастыратындай етіп жаңартуға және түзетуге мүмкіндік берді. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі 30 жылдық тарихындағы ең ірі жалпыұлттық дағдарыс Үкімет Үшін Назарбаевтың Ескі Қазақстаны мен Тоқаевтың Жаңа Қазақстаны арасындағы айырмашылықты, біртұтастықты және қашықтықты құру үшін маңызды нүкте болды. (Karibayeva & Lemon, 2022i) Жаңа Қазақстан концепциясы ретінде, Қаңтар оқиғасынан кейін қабылданған өзгерістерді қарастырады. Алайда, бұл идеяға да ғалымдар күмәнмен қарайды, себебі бұл әрекеттер қағаз жүзінде перспективалы болып көрінгенімен, көптеген ғалымдар мен бақылаушылар реформалар көптеген Қазақстандықтар айыптаған статус-квоның шайқалуына әкелетініне күмәнмен қарайды. Президент әкімшілігі сонымен қатар Қазақстандықтарды жыл сайын жүздеген миллион доллардан айыратын және қаңтарда айтылған ашудың негізінде жатқан сыбайлас жемқорлық мәселелері бойынша салыстырмалы түрде үнсіз қалды. Тоқаев елден заңсыз шығарылған ақшаны өндіріп алу үшін комиссия құратынын жариялағанына қарамастан, көптеген адамдар оның іс-әрекеттерінің ауқымына күмәнмен қарайды. Саяси тұрғыдан алғанда, үлкен өзгерістер де күтілмейді. Алғаш рет 2019 жылдың маусымында Президент болып сайланған Тоқаев осы жазда Қабылданған Конституциялық өзгерістерге байланысты 2022 жылғы қарашадағы сайлауда бірінші рет кандидат ретінде сайлауға түседі, бұл техникалық тұрғыдан қарсы көрсеткіштерді нөлге қайтарды. Президент қызмет ете алатын мерзімдердің максималды саны бір мерзіммен шектелгенімен, мандаттың қолданылу мерзімі бес жылдан жеті жылға дейін ұзартылды, бұл өзгеріс қазіргі Президенттің пайдасына болады, ол елді 2019 жылдан 2029 жылға дейін 10 жыл мерзімге басқара алады. Жаңа кандидаттардың тіркелуіне қарамастан, қазіргі Президенттік жарыста Президент Тоқаев басым. (Thibault & Tastaibek, 2023e)

Қорытынды келгенде, Қаңтар оқиғасын сипаттаған кездегі дискурс моделі елдегі гегемониялық режимді сақтап, оны заңдастырды. Бұндай модельдегі мемлекеттік қорғаныс, тарихи негізде Лондонда бекітілген, сонымен қатар ұжымдас Орталық Азия мемлекеттеріндегі азамат қақтыңыстарын сипаттау үшін қалыпты түрде кездеседі.

Шектеулер мен кемшіліктері

Осы зерттеу жұмысын жүргізу барысында зерттеудің тереңдігі мен көлеміне әсер ететін бірнеше кемшіліктер мен шектеулер пайда болды. Біріншіден, белгіленген мерзім айтарлықтай шектеу болды. Осы шектеулерге байланысты талдаудың тереңдігі барынша қанағат тудырмайды, бұл егжей-тегжейлі перспективалар мен балама әдістемелерді зерттеуді шектеуі мүмкін. Сонымен қатар, талдау үшін тек екі баспасөзді таңдаған шешім шектеу болды деп санауға болады, өйткені ол көзқарастардың кеңдігін шектейді және осы саладағы пікірлердің әртүрлілігін толық көрсетпеуі мүмкін.

Тағы бір елеулі кемшілік зерттеу процесінде фокустың өзгеруі болды. Зерттеу барысында зерттеудің бастапқы сұрақтары дамыған немесе зерттеудің жаңа тәсілдері пайда болған жағдайлар болды. Фокустың бұл өзгеруі диссертацияның дәйектілігі мен жан-жақтылығына әсер ететін талдаудағы сәйкессіздіктерге немесе олқылықтарға әкелуі мүмкін.

Сонымен қатар, талдау үшін тиісті уақыт аралығын таңдаудағы қателіктер нәтижелердің дәлдігі мен өзектілігіне кедергі келтіруі мүмкін. Редакциялық мақалаларды белгілі бір уақыт аралығында талдау трендтерді контексттеу және заңдылықтарды анықтау үшін өте маңызды. Алайда, осыған байланысты жіберілген қателіктер толық емес немесе бұрмаланған тұжырымдарға әкелуі мүмкін, бұл зерттеу нәтижелерінің жалпы негізділігі мен жалпылануын шектейді.

Қорытындылай келе, бұл диссертация осы салаға құнды түсініктер бергенімен, оның нәтижелерін түсіндіру мен қолдануды жеңілдететін осы шектеулер мен кемшіліктерді мойындау маңызды. Болашақ ғылыми-зерттеу жұмыстары талдаудың икемділігін қамтамасыз ететін және уақыт шектеулері сияқты шектеулерді жеңілдететін неғұрлым сенімді әдістемелерді енгізу арқылы осы мәселелерді шеше алады.

Қорытынды

Бұл ғылыми зерттеу Қаңтар оқиғасы болған кезде, Қазақстандағы екі ірі баспасөздердің осы наразылықты сипаттаған кезде мақалалардың контекстін зерттеуге және олардың айырмашылығын білуге мақсат қойды. Сапалы мазмұнды талдау арқылы біз екі баспасөздің қолданған нарративтері туралы тереңірек түсіну үшін, арасындағы айырмашылықты белгілеп, олардың осы нарративтеді өз мақалаларында неге қолданғанын болжамды түрде анықтауға тырыстық. Нарративтерді үкіметтік және жеке деп бөлдік, үкіметтік нарративтерді Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың сұхбаты мен үндеуіне де контент-анализ жасап, зерттеу үшін бөлек кодретінде қарастырдық. Бұл жерде, қарапайым түрде, қай баспасөздің қандай нарратив қолданғаны, дәл осы нарративті қолдануға неліктен бел бұғаны және мәселені қалай қарастырғанына назар аударылды.

Осы тарапта, нарратив контент-анализ тәсілі әңгіменің баяндаушы құрамдас бөліктеріне ғана немесе сипаттамаларына ғана емес, сонымен қатар оқырман тілшінің мақаланы беру тәсіліне ынталандыратынына және әсер ететіне әлеуметтік өзара әрекеттестік ықпал ететінін байқадық. Нарративті құру тәсілін қабылдау, мысалы, ақпарат агентінің өкілі немесе үкімет өкілдерінің айтқан сөздерінің мазмұнына немесе өзара әрекеттесу негізінде жатқан ақпарат тарату "формалары" мен "ережелеріне" де назар аударып, сұхбатты немесе басқа деректерді осы тұрғыдан түсіну және талдау керек екіні түсіндік.

Яғни, зерттеу мысалында ақпарат агенттіктердің басым айырмашылығы қаражат көзіне тәуелді. Мәселен, Tengrinews.kz-тың нарративтері тікелей үкіметтің нарративтеріне ұқсас. Неліктен десек, бұл баспасөз бұрында тендерлерге қатысып, мемлекеттік қазынадан қаржыланып отырған – қазіргі тендерлік ақпаратты ашық түрде көруге мүмкіндік жоқ болғандықтан, ескі ақпаратқа сүйеніп отырмыз. Сол себепті, мекеменің жазу стилі де, жарияланған ақпараты да, күн-тәртібі де осы қаражат көзіне тәуелді және үкіметтің тапсырысына сай дұмыс істеуге тұра келетіні анық болды.

Әңгіме деректерінің бір тақырыбын әртүрлі көзқараспен талдауға болатыны анық. Мысалы, мақалада қамтылған адамдар ішіне, оқиғаның немесе жаңалықтың мәнін ашатын кейәпкерді ұсынсақ, ол жерге жақын адамдарының пікірін, немесе аталған оқиғаның қатысушыларын қосуға болады. Бұл тәсіл Azattyq-тың басым мақалаларында пайдаланғанымен, Tengrinews.kz-те қолданылмаған. Баяндау тәсілі тілшінің есебінің мазмұны мен формасын және оқырманмен өзара әрекеттесуін ескереді. Одан да маңыздысы, баяндау тәсілі «Тілші бұл оқиғаны неліктен дәл осылай баяндап отыр?», «Оқиғаның мақсаты не?», «Ол неліктен әңгіменің осы

тұсында орын алды?» сияқты сұрақтар қояды. , 'Зерттеуші немесе қатысқан басқалар баяндауға қалай әсер етті?' деген сұрақта болады.

Жалпы, біздің талдауымыз бір оқиғаны әртүрлі сөздерді қолданып, жалпы ортақ тақырыпты арқылы әңгімелердің неше түрлі идеяға себепші болуын көрсетті. Жаңалықтарды оқып шығып, мақалаларда берілген ақпарат бойынша бірнеше негізгі фрейм анықталды, соның ішінде баспасөздегі нарративтер арқылы халық санасына үкіметтік немесе жеке фреймдарды орнату, үкімет және күштік құрылымдардың жұмысын сынау немесе мақтау арқылы белгілі бір ойды нығайту.

Бұл зерттеу мемлекеттік қазынадан қаржыланған баспасөздердің, сол уақытта өзекті тендері болмаса да, үкіметтің билігі күн-тәртібіне және насихаттаған идеяларға тікелей жүретіні туралы түсінік берді. Ал бейтарап редакция өздерінің фреймдерін орнатады және идеяларын алға тартады. Мысалы, осы зерттеуде қарастырылған Azattyq редакциясы бүкіл әлемде демократияны орнату үшін ашылады. Ал демократияны орнату үшін қолданған тұтқалы колдар, біріншіден, халықты өз құқығын білуге үйрету, және сонымен қатар авторитарлы биліктің жүйесін сынау арқылы, халықтың санасын "ояту" деп айтуға болады. Бұл мақсат Azattyq-тың жариялаған мақалаларынан көруге болады: оқиға кезінде көбінесе халық пен белсенділердің ойлары, талпатары және хәлі түсіндірілді, ал күштік құрылымдардың және биліктің қабылданып отырған шаралары сын астында қалды. Ал Tengrinews.kz керісінше жарияланған мақалалардың көбісін ресми (үкіметтік) мәлімдемелерге сүйеніп жазған.

Бұл ойды қорытындылағанда кезде, нарратив-контент анализдың бастапқы мақсаты белгілі бір фреймнің репрезентацияны табу. Осы уақытқа дейін жүргізілген әңгіменің нарратив анализ арқылы талдаған кездегі ең қызықтыратын мәселелердің бірі – репрезентация мәселесі екені белгілі болады. Сол сияқты нарратив анализды және ондағы тілшінің рөлін талқылауда зерттеуші қарастыратын мәселе. Әдебиеттерге шолу бөлімінен кейбір зерттеушілердің репрезентация екі жақты және сондықтан бірнеше интерпретацияға ашық екенін дәлелдейтіні және деректерді жинау мен талдауда болатын ұсынудың бес деңгейін анықтайды: қатысу, айту, транскрипциялау, талдау және оқу . Әрбір деңгейде зерттеуші қол жеткізе алатын шиеленісті түсіндіру процесімен айналысады. Зерттеу кезінде пайда болған тұжырымдардың салдары кең ауқымды, теорияға, практикаға және саясатқа бірдей әсер ететінін айтып кеткен жөн.

Осы зерттеу теориялық тұрғыдан да пайдалы болатынына сенімдіміз, себебі осы ғылыми жұмыста жалпы аз зерттелген Орта Азия, нақтырақ Қазақстандағы контент анализ және фрейминг теориясы бойынша бар әдебиетке аталған мәселе бойынша үлкен үлес қосатыны анық, себебі елдегі күн-тәртібі және фрейминг белгілі бір дәрежеде зерттелген жоқ. Бұдан басқа, біздің қорытындыларымыздың

халықтың санасына жәй ғана жиі қолданылатын сөздер арқылы насихаттау қалай дамыйтыны туралы жаңа ақпарат бар.

Бұл жерде, әңгімелерді саяси процесс деп түсінуге болады деп айту қате емес. Себебі, жарияланған мақалалар басқалардың үнін өшіре отырып, белгілі бір оқиғаларды айтуға мүмкіндік беретін билік тетіктері немесе құрылымдары туралы ескертеді. Мысалы, Tengrinews.kz бейбіт шеруге шыққан адамдардың үнін өшірді деген ой, осы баспасөздің олар туралы ештеңе жазбағны үшін және мәселелерін көтермегіні үшін келеді. Бұндай құбылыс билік тәжірибесінің, оның әрі репрессиялық, әрі өнімді қасиеттерінің айқын көрінісі. Осындай тәсілді пайдалану халықтың қабылдауға мүдделі болуының тағы бір себебін береді: бұл әсіресе маргиналданған топтарға немесе беделін түсіретін немесе стигматизацияланған жеке басы бар адамдар үшін пайдалы болуы мүмкін.

Жоғарыда айтылып кеткендей, бұл зерттеудің теориялық үлестері оның белгілі бір нарративтердің халық санасына әсер ету және идеяларды дамыту арқылы белгілі фреймді орнатудың мысалын айқын көрсету қабілетінде жатыр. Қаңтар оқиғасы кезіндегі жарияланған ақпараттың контекстіндегі нарративтерді зерттеу арқылы біз халықта осы ахуалдың қандай фреймдері қалыптасқанын, және олардың кімге ыңғайлы болғаны туралы және үкіметтің осы әрекетті не үшін қолданатынын теориялық түсінікте кеңейттік. Бұл жерде, қайғылы оқиға кейбір шетелдік күштердің араласуының нәтижесі болды деп айту үкіметтің жүктемесін азайтып, 2022 жылдың қаңтарындағы оқиғасының саяси заңдылығын арттырады. (Thibault & Tastaibek, 2022) Практикалық тұрғыдан алғанда, зерттеу барысында пайда болған қорытындылар әлеуметтану, бұқаралық ақпарат құралдарда жұмыс істейтін мамандар, практиктер, саясаткерлер үшін, сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарға байланысты теорияларына қызығатын адамдар үшін құнды түсініктерді ұсынады. Нарративтердің белгілі бір идеяларды қалыптастыруға жарияланған мақалалар қалай көмектесетінін түсіну арқылы практиктер өз тәжірибесін немесе белгілі бір шешімді қабылдаудағы негіздерді хабарлау үшін белгілі бір фреймдардың ықпалын түсіндіре алады.

Әдістемеге ой жүгірте отырып, оның күшті жақтары мен шектеулері туралы ақпаратпен таныстық. Сапалы мазмұнды талдау зерттелген әңгімелердің нюанстарын тереңірек ашуға және түсінуге мүмкіндік бергенімен, ол түсініктемелерде субъективтіліктің әлеуетіні белгілі. Бұл зерттеудің шынайылығын арттыру үшін бірнеше деректер көздерін немесе деректерді талдауда, салыстырмалы түрде белгілі фреймдарды барынша бейтарап түрде белгілеп шықтық. Алайда, болашақ зерттеулерде осы бағыттағы жұмысты одан әрі бейтарап және объективті қылу үшін тағы (кемінде) екі баспасөздің нарративтерін қосымша ретінде зерттеуге болады.

2022 жылғы қаңтарда Қазақстан сұйытылған газ бағасының өсуіне жауап ретінде басталған және бүкіл елді қамтыған кең ауқымды демонстрацияларға айналған ауқымды әлеуметтік наразылықтардың сахнасына айналды. Тарихқа қаңтардағы оқиғалар ретінде енген бұл оқиғалар әлеуметтік қабылдау мен саяси шешімдерді қалыптастыратын әңгімелерді зерттеудің маңызды мысалы болды. Бұл жұмыста осы оқиғалар барысында туындаған негізгі әңгімелер және олардың Қазақстанның қоғамдық санасы мен халықаралық қабылдауына әсері қарастырылды.

Орталық әңгімелердің бірі "сыртқы араласу" туралы мәлімдеме болды. Қазақстан Үкіметі наразылықтарды елді тұрақсыздандыруға ұмтылған шетелдік күштер қоздырды және қолдады деп мәлімдеді. Бұл әңгіменің бірнеше мақсаты болды. Біріншіден, бұл билікке төтенше жағдай енгізуді және наразылық білдірушілерге қарсы күш қолдануды ақтауға мүмкіндік берді. Екіншіден, бұл халық арасында патриоттық сезімдерді жұмылдыруға және оны басқарушы элитаның айналасына біріктіруге көмектесті. Үшіншіден, бұл әңгіме Қазақстанды сыртқы агрессияның құрбаны ретінде көрсетуге тырысып, халықаралық аренада маңызды рөл атқарды, бұл басқа мемлекеттер тарапынан жанашырлық пен қолдауды тудыруы мүмкін.

Тағы бір маңызды әңгіме наразылық білдірушілердің бейнесі болды. Билік пен мемлекеттік БАҚ оларды жиі "тонаушылар" және "террористер" ретінде бейнелеген, бұл оларды басу үшін қатаң шараларды заңдастыруға мүмкіндік берді. Бұл әңгіме бейбіт тұрғындар арасында қорқыныш пен сенімсіздікті тудырды, бұл үкіметтің тәртіпті қалпына келтіруге деген ұмтылысын күшейтті. Екінші жағынан, тәуелсіз және оппозициялық дереккөздер наразылықтар халықтың экономикалық жағдайға заңды наразылығынан және елдегі сыбайлас жемқорлықтан туындағанын атап өтті. Олар наразылық білдірушілерді өз құқықтарын қорғайтын қарапайым азаматтар ретінде ұсынды, бұл кең аудитория арасында жанашырлық пен қолдауды тудырды.

Қаңтардағы оқиғаларды жариялауда халықаралық әңгімелер де маңызды рөл атқарды. Батыс бұқаралық ақпарат құралдары мен құқық қорғау ұйымдары адам құқықтарының бұзылуына және биліктің күш қолдануына баса назар аударды. Бұл әңгімелер Қазақстан Үкіметіне халықаралық қоғамдастық тарапынан қысым жасауға ықпал етіп, тәуелсіз тергеу жүргізуге шақырды. Сонымен қатар, Ресей мен Қытай сияқты саяси және экономикалық мүдделері бойынша Қазақстанға жақын елдердің БАҚ ресми ұстанымды қолдауға сүйеніп, тұрақтылық пен егемендіктің маңыздылығын атап өтті.

Мұндай бейтарап сипаттама Azattyq.org редакциясында байқалды, ал Tengrinews.kz басылымы мемлекет тарапынан нарративтер таратты.

Қазақстандағы Қаңтар оқиғалары әртүрлі тұлғалардың өз мақсаттарына жету үшін қалай қалыптасып, пайдаланылатындығының жарқын үлгісі болды. Олар бірдей оқиғалардың әртүрлі түсіндірмелері қоғамдық пікірге, биліктің заңдылығына және халықаралық қатынастарға қалай әсер ететінін көрсетті. Бұл әңгімелерді зерттеу саяси коммуникация механизмдерін және олардың қазіргі қақтығыстар мен дағдарыстардағы рөлін жақсы түсінуге мүмкіндік береді.

Біздің сапалы мазмұнды талдауымыз Қаңтар оқиғасы кезіндегі таралған нарративтер контекстіндегі идеяларды көп қырлы сипатын ашты. Мақалалардағы идеялар арқылы арқылы зерттеушілер теориялық білімге де, практикалық қолдануға да құнды түсініктерге ие болды. Зерттеуді аяқтай отырып, болашақ зерттеушілерді осы қорытындыларды сүйеніп, сонымен қатар, Қазақстандағы фрейминг идеясын және контент анализ аясындағы зерттеулерді жалғастырады деген ойдамыз.

Қорытындылай келе, 2022 жылғы қаңтардағы Қазақстандағы іс-шаралар саяси ерік-жігер мен әлеуметтік жұмылдырудың күрделілігін атап қана қоймай, сонымен қатар даулы мәселелер төңірегінде қоғамдық қабылдау мен баяндауды қалыптастырудағы бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі рөлін көрсетті. Екі танымал Жаңалықтар агенттігін, Azattyq және Tengrinews.kz оқиғасы ұйымдастыру қоғамдық дискурста әсер етіп және наразылықтар мен олардың салдарын түсіндіруде маңызды рөл атқарғаны белгілі болды.

Azattyq қаңтар айындағы оқиғаларды көптеген көзқарастар мен пікірлерді ұсына отырып, теңдестірілген түрде жариялауға тырысты. Сонымен қатар, жариялаған мақалалар наразылықтардың құрылымын стандарттауға бағытталған, егжей-тегжейлі талдау мен әртүрлі көзқарастарды ұсынады, бұл мәселенің күрделілігін жан-жақты түсінуді қамтамасыз етеді. Қатаң журналистік стандарттар мен этикалық қағидаларды ұстана отырып, Азаттық ақпараттандырылған қоғамдық пікірталастар мен диалогтарға ықпал ете отырып, сенімді ақпарат көзі ретіндегі рөлін сақтауға тырысты. Керісінше, Tengrinews.kz Президент Тоқаевтың жақтаулары мен нарративтерін тарату үшін қолданылатын платформаға айналды, көбінесе оның антидемократиялық әрекеттерін заңдастырды және наразылықтарды үкіметті қолайлы түрде бейнелейтін етіп жасады. Таңдамалы жақтау және стратегиялық хабар алмасу арқылы, Tengrinews.kz наразылық білдірушілердің шағымдарын төмендетіп немесе делегаттандыра отырып, үкіметтің ұстанымына жанашырлық танытуға тырысты. Белгілі бір дауыстар мен көзқарастарды күшейте отырып, басқаларды шеттете отырып, Tengrinews.kz қоғамдық пікірді қалыптастыруда және Қаңтардағы оқиғалсын қабылдауға әсер етуде шешуші рөл атқарғанын да осы зерттеуден көре аламыз. Себебі, әдебиетке шолу және анализ барсында аталып өткендей, мемлекет нарративтері басшылық әрекеттерін заңдастыру үшін пайдаланғанын көре аламыз. Демек, Қазақстандағы

қаңтар айындағы оқиғаны Azattyq және Tengrinews.kz бұқаралық ақпарат құралдарының даулы мәселелер төңірегінде қоғамдық қабылдау мен баяндауды калыптастырудағы маңызды рөлін көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Abilkairov, A. (2022). Discursive Framing Manipulation through Social Media and Public Statements by the Authoritarian Regime: the Case of Kazakhstan (Doctoral dissertation, Central European University).
2. Amirova, U. (2023). How do government orders affect the media agenda? On the example of tengrnews. kz and nur. kz. *Journal of Global Social Sciences*, 4(14), 165-203.
3. Anceschi, L. (2024, February 29). The old politics of new Kazakhstan. – *The Diplomat*. <https://thediplomat.com/2024/02/the-old-politics-of-new-kazakhstan/>
4. Begalieva, N. (2019). From democracy to autocracy? Growing threats to civil society and media in Kyrgyzstan (Doctoral dissertation, Global Campus of Human Rights).
5. Benford, R. D., & Snow, D. A. (2000). Framing Processes and Social Movements: An Overview and Assessment. *Annual Review of Sociology*, 26(1), 611–639.
6. Bottici, C. 2007. *A Philosophy of Political Myth*. Cambridge, England: Cambridge University Press, 14
7. Caron, J. F. (2023). An Unpredictable Revolt in the Steppe?. In *A Revolt in the Steppe: Understanding Kazakhstan’s January Events of 2022* (pp. 1-6). Singapore: Springer Nature Singapore.
8. Dukalskis, A. (2017). *The Authoritarian Public Sphere Legitimation and Autocratic Power in North Korea, Burma, and China*. Routledge.
9. Dadabaev, T. (2021). Manipulating post-Soviet nostalgia: contrasting political narratives and public recollections in Central Asia. *International Journal of Asian Studies*, 18(1), 61-81.
10. Entman, R. M. (1991). Framing US coverage of international. *Journal of communication*, 41(4), 52.
11. Foa, R. (2018). Modernization and Authoritarianism. *Journal of Democracy*, 29(3), 129–140.
12. Hanks, R. R. (2016). Narratives of Islam in Uzbekistan: authoritarian myths and the Janus-state syndrome. *Central Asian Survey*, 35(4), 501-513.
13. Heathershaw, J., & Megoran, N. (2011). Contesting danger: a new agenda for policy and scholarship on Central Asia. *International Affairs*, 87(3), 589-612.

14. Ilyushina, M., & Cheng A. (2022) Kazakhstan President Gives Shoot-To-Kill Order Against Protesters, Dismissing Calls for Negotiations. Washington Post.
15. Gerschewski, J. (2013). The Three Pillars of Stability: Legitimation, Repression, and Co-optation in Autocratic Regimes. *Democratization*, 20(1), 13–38.
16. Gerschewski, J., & Dukalskis, A. (2017). What Autocracies Say (and What Citizens HEAR): Proposing Four Mechanisms of Autocratic Legitimation. *Contemporary Politics*, 23(3), 251–268.
17. Gramsci, A. (1971). *Prison Notebooks: (Vol. 1)*. Columbia University Press.
18. Karagiannis, E. (2009). Hizballah as a social movement organization: a framing approach. *Mediterranean Politics*, 14(3), 365-383.
19. Karibayeva, A., & Lemon, E. (2023). From Qandy Qantar to Tragic January: State Framing of the January Events. In *A Revolt in the Steppe: Understanding Kazakhstan's January Events of 2022* (pp. 53-78). Singapore: Springer Nature Singapore.
20. Kühberger, A. (1998). The influence of framing on risky decisions: A meta-analysis. *Organizational behavior and human decision processes*, 75(1), 23-55.
21. Lemon, E. (2014). Mediating the conflict in the Rasht Valley, Tajikistan: The hegemonic narrative and anti-hegemonic challenges. *Central Asian Affairs*, 1(2), 247-272.
22. Lewis, D. (2008). The dynamics of regime change: domestic and international factors in the “Tulip Revolution.” *Central Asian Survey*, 27(3-4), 265–277. doi:10.1080/02634930802536
23. Lewis, D. (2016). Blogging Zhanaozen: Hegemonic Discourse and Authoritarian Resilience in Kazakhstan. *Central Asian Survey*, 35(3), 421–438.

24. MediaIQ, (2022, January 20). «Счастливики смотрели новости, потом пересказывали в смс». Как Казахстан выживал в информационной блокаде. Press Club Belarus | Простора Для Професійнаго Росту Медыясупольнасці.
<https://press-club.pro/dosved/schastlivchiki-smotrel-i-novosti-potom-pereskazyv-ali-v-sms-kak-kazahstan-vyzhival-v>
25. Megoran, N. (2020). Framing Andijon, narrating the nation: Islam Karimov's account of the events of 13 May 2005. In *Critical Approaches to Security in Central Asia* (pp. 15-31). Routledge.
26. Omelicheva, M. Y. (2016). Authoritarian Legitimation: Assessing Discourses of Legitimacy in Kazakhstan and Uzbekistan. *Central Asian Survey*, 35(4), 481–500.
27. Polkinghorne, D. E. (2007). Validity Issues in Narrative Research. *Qualitative Inquiry*, 13(4), 471–486. <https://doi.org/10.1177/1077800406297670>
28. Rampton, D. (2011). ‘Deeper Hegemony’: The Politics of Sinhala Nationalist Authenticity and the Failures of Power-Sharing in Sri Lanka. *Commonwealth & Comparative Politics*, 49(2), 245–273.
29. Riessman, C. K. (2008). *Narrative Methods for the Human Sciences*. SAGE Publications.
30. Smith, B., & Sparkes, A. C. (2016). Narrative Inquiry in Sport and Exercise Psychology: What Can It Mean, and Why Might We Do It? *Psychology of Sport and Exercise*, 22, 267–277.
<https://doi.org/10.1016/j.psychsport.2015.08.004>
31. Megoran, N. (2020). Framing Andijon, narrating the nation: Islam Karimov's account of the events of 13 May 2005. In *Critical Approaches to Security in Central Asia* (pp. 15-31). Routledge.
32. Siebert, F., Peterson, T., & Schramm, W. (1956). *Four theories of the press: The authoritarian, libertarian, social responsibility, and Soviet communist concepts of what the press should be and do* (Vol. 10). University of Illinois press.
33. Smith, C. P. (2000). Content analysis and narrative analysis.
34. Sriwimon, L., & Zilli, P. J. (2017). Applying Critical Discourse Analysis as a conceptual framework for investigating gender stereotypes in political media discourse. *Kasetsart Journal of Social Sciences*, 38(2), 136-142.
35. Thibault, H., & Tastaibek, N. (2023). Foreign Terrorists and Kyrgyz Jazzmen: Framing the January 2022 Unrest in Kazakhstan. In *A Revolt in the Steppe: Understanding Kazakhstan's January Events of 2022* (pp. 79-100). Singapore: Springer Nature Singapore.

36. Valiyev, A., & Valiyev, A. (2015). Urban Boosterism in Closed Contexts: Spectacular Urbanization and Second-tier Mega-Events in Three Caspian Capitals. *Eurasian Geography and Economics*, 56(5), 575–598. <https://doi.org/10.1080/15387216.2016.1146621>
37. Westburn Publishers Ltd. (n.d.). An Overview of Content Analysis: Ingenta Connect. <https://www.ingentaconnect.com/content/westburn/tmr/2003/00000003/00000004/art00007>
38. Автаева, Н. О., & Болдина, К. А. (2017). Жанр " сторителлинг" в современных региональных СМИ: функциональные и тематические особенности публикаций. *Международный научно-исследовательский журнал*, (12-1 (66)), 6-8.
39. Акатаева, Ш. Б. (2021). Ж. Қорғасбектің " Желтоқсан" әңгімесіндегі желтоқсан оқиғасының бейнелеуі.
40. Алексиевич, С. (2014). Соғыстың әйел беті жоқ (орыс басылымы). *Время*.
41. Беньон, Дж. (1984). Скармен және одан кейін. Скармен және одан кейін, 233-243. <https://doi.org/10.1016/b978-0-08-030217-1.50029-0>
42. Бормотова, А. Р. (2009). Цензура печатных органов Курской области в начале Великой Отечественной войны. *Известия Российского государственного педагогического университета им. АИ Герцена*, (107), 27-30
43. Брайман, А. (2014) Әлеуметтік зерттеу әдістері. 1 том. Алматы: ҚР ЖОО қауымдастығы
44. Валгина Н. С. Теория текста: учебник для вузов. М.: Логос, 2003.
45. Ван Дайк, Т. А. (2006). Дискурс және манипуляция. *Дискурс және қоғам*, 17 (3), 359-383.
46. Ван Дейк, ТА (1989). Жарыс, тәртіпсіздіктер және баспасөз: 1985 жылғы тәртіпсіздіктер туралы британдық баспасөздегі редакциялық мақалаларды талдау. *Газет (Лейден, Нидерланды)*, 43(3), 229-253.
47. Ван Дейк, Т. А. (1992). Нәсілшілдік және дәлелдеу: таблоидтық редакциялардағы нәсілдік тәртіпсіздіктердің риторикасы. *Жарықтандырылған дәлел*, 242-259.

48. Гарбузняк, А. (2015, қаңтар 30). Повестка дня СМИ как технология интерпретации. Медиаскоп. https://www.researchgate.net/profile/Alina-Garbusnyak/publication/320930182_Media_Agenda_as_a_Technology_of_Interpreting/links/5a030682aca2720c3265e66c/Media-Agenda-as-a-Technology-of-Interpreting.pdf
49. Гоффман, Э. (1974). *Frame analysis: An essay on the organization of experience*. Harvard University Press.
50. Дензин, Н.К., и Келлер, К.М. (1981). *Frame analysis reconsidered*.
51. Дианов, С. А. (2014). Пермский обллит накануне и во время Великой Отечественной войны (1939-1945 годы). *Технологос*, (1), 21-34.
52. Йоргенсен, Д. Л. (1989). Қатысушыларды бақылау әдістемесі. 2003), қылмыстық сот төрелігіне сапалы көзқарастар: жергілікті перспективалар, 12-26.
53. Казак М. Ю. Специфика современного медиатекста // *Лингвистика речи. Медиастилистика: колл. моногр.* Москва: Флинта: Наука, 2012. С. 320–334.
54. Качанов, Д. Г. (2020). Нарратив в мультимедийной журналистике: анализ российских и зарубежных медиапроектов. *Вестник Московского университета. Серия 10. Журналистика*, (1), 79-101.
55. Кенжеғұлова, Н. С. (2016). 1986 Жылғы Желтоқсан көтерілісінің себептері: ретроспективті шолу (Желтоқсан көтерілісінің отыз жылдығына). *ХАБАРШЫ*, 30.
56. Ковач, Б. және Розенстиел, Т. (2021, 15 шілде). Журналистиканың элементтері. Американдық баспасөз институты. <https://www.americanpressinstitute.org/journalism-essentials/what-is-journalism/elements-journalism/> сайтынан алынды
57. Колегова О.Ю. (2018). Контент-анализ нарратива стран-участниц Шанхайской организации сотрудничества: основные выводы. *Вестник Брянского государственного университета*, (4 (38)), 56-72.
58. Костырниченко, Г. В. (1996). Советская цензура в 1941–1952 годах.
59. Кривенко, Г. И. (2023). Январские протесты 2022 г. в Казахстане. *История и современность*, (1 (47)), 107-123. doi: 10.30884/iis/2023.01.05
60. Луо, А. (2022, 25 қараша). Мазмұнды талдау / Нұсқаулық, әдістер мен мысалдар. Scribbr. <https://www.scribbr.com/methodology/content-analysis/>

61. Маккомбс М., Шоу Д. (1972). Бұқаралық ақпарат құралдарының күн тәртібін белгілеу функциясы. Американдық қоғамдық пікірді зерттеу қауымдастығы.
62. Мартиндейл, К. (1991). Қара американдықтарды төрт ірі газетте жариялау, 1950-1989 жж.
63. Мартиндейл, К. Ақ баспасөз және Қара Америка. Нью-Йорк. Гринвудпресс
64. Мердок, Г. (1984). Тәртіпсіздік туралы есеп: суреттер мен салдарлар. "Скарменде" және одан кейін (73-95 беттер). Пергам.
65. Обдалова, О. А., & Левашкина, З. Н. (2019). Понятие "нарратив" как феномен культуры и объект дискурсивной деятельности. Язык и культура, (48), 332-348.
66. Петровичева, Е. М., & Тряхов, И. С. (2015). Цензура в годы Великой Отечественной войны 1941-1945 гг. (по материалам Владимирского края). Вестник Ленинградского государственного университета им. АС Пушкина, 4(1), 49-59.
67. Риссман, С. К. (1993). Нарративный анализ (30-том). Sage
68. Сосунов Д.В., (2017, қараша 17). Формирование политической повестки дня современной России. <http://www.vestnik.vsu.ru/pdf/history/2018/01/2018-01-22.pdf>
69. Тайер, Б.А. (2012). Әлеуметтік жұмыс үшін сапалы зерттеулердің ғылыми құндылығы. Сапалы әлеуметтік жұмыс, 11(2), 115-125.
70. Тарих. (2024). Декабрьские события в Алма-Ате (16 — 18 декабря 1986 года) | Путешествие во времени. - История Казахстана - школьникам <http://www.tarih-begalinka.kz/ru/timetravel/page327>
71. Терехова Т. А., Малахаева С. А. (2015) Нарративный анализ как понимающий метод. <https://cyberleninka.ru/article/n/narrativnyy-analiz-kak-ponimayuschiy-metod/viewer>
72. Уилсон, С. С. және Гутиеррес, Ф. (1985). Азшылықтар мен бұқаралық ақпарат құралдары (949 Том). Беверли Хиллз, Калифорния: Sage
73. Хартманн П. және Хасбэнд С. (1974). Нәсілшілдік және бұқаралық ақпарат құралдары
74. Хсих Х.Ф., & Шэннон С.Е., (2005). Сапалы мазмұнды талдаудың үш тәсілі. Сапалы денсаулықты зерттеу, 15(9), 1277-1288.

75. Чонг и Дракман, Н. (2007). Теория фрейминга.
<http://fbaum.unc.edu/teaching/articles/Chong-Druckman-FramingTheory.pdf>

Пайдаланған мақалалар тізімі

- Azattyq. (2022a, January 3). Алматыда 20 шақты адамды полиция ұстап әкетті, басқа жерлерде де белсенділер ұсталып жатыр. *Азаттық радиосы*. <https://www.azattyq.org/a/31637318.html>
- Azattyq. (2022b, January 3). Ақтөбеде жүз шақты адам жиналып, Жаңаөзендегі наразылыққа қолдау білдірді. *Азаттық радиосы*. <https://www.azattyq.org/a/31637458.html>
- Azattyq. (2022c, January 3). Энергетика министрі “жұмыста олқылықтар болғанын” мойындады. *Азаттық радиосы*. <https://www.azattyq.org/a/31637841.html>
- Azattyq. (2022d, January 3). Шымкент полициясы белсенділерді үйінен шығармай тастады, көшеде күзет күшейді. *Азаттық радиосы*. <https://www.azattyq.org/a/31637213.html>
- Azattyq. (2022e, January 3). Үкімет Жаңаөзендегі жұрттың талабы бойынша комиссия құрды, халық наразылығына “құқықтық баға беретінін” ескертті. *Азаттық радиосы*. <https://www.azattyq.org/a/31637186.html>
- Azattyq. (2022f, January 3). Жаңаөзенде газдың қымбаттағанына наразы ел жолды жапты, оларды басқа өңірлерде де жұрт қолдады. *Азаттық радиосы*. <https://www.azattyq.org/a/31636233.html>
- Azattyq. (2022g, January 3). Жаңаөзендегі наразы топ облыс әкімі Ноғаевты жиыннан қуып жіберді. *Азаттық радиосы*. <https://www.azattyq.org/a/31637750.html>
- Azattyq. (2022h, January 3). Жаңаөзендегі наразылыққа билік жауабы: сұраныс өсірген газ бағасы бұрынғы қалпына қайта келмейді. *Азаттық радиосы*. <https://www.azattyq.org/a/31636415.html>
- Azattyq. (2022i, January 4). Алматыда бірнеше белсендінің соққыға жығылғаны хабарланды. *Азаттық радиосы*. <https://www.azattyq.org/a/31639276.html>
- Azattyq. (2022j, January 4). Алматыда оннан астам адам полицияның өздерін “заңсыз ұстап отырғанына” шағымданды. *Азаттық радиосы*. <https://www.azattyq.org/a/31639093.html>
- Azattyq. (2022k, January 4). Алматыда “Жаңаөзендегі наразылықты қолдамақ болған” белсенділер жауапқа тартылды. *Азаттық радиосы*. <https://www.azattyq.org/a/31638416.html>
- Azattyq. (2022l, January 4). Алматыда жас қаламгерлер Жаңаөзендегі наразылықты қолдап, акция өткізді. *Азаттық радиосы*. <https://www.azattyq.org/a/31638663.html>

Azattyq. (2022m, January 4). Ақтөбеде наразылар полиция шебін бұзып, әкімдікке қарай өтті. *Азаттық радиосы.* <https://www.azattyq.org/a/31638812.html>

Azattyq. (2022n, January 4). Астанада полиция наразыларды аяусыздықпен жаппай ұстап әкетті. *Азаттық радиосы.* <https://www.azattyq.org/a/31639458.html>

Azattyq. (2022o, January 4). Азаттықтың Алматы бюросының басшысы Қасым Аманжолды полиция ұстап, босатты. *Азаттық радиосы.* <https://www.azattyq.org/a/31638837.html>

Azattyq. (2022p, January 4). “Нұр Отан” партиясынан сайланған депутат Берік Әбдіғалиұлы үкіметтің отставкасын талап етті. *Азаттық радиосы.* <https://www.azattyq.org/a/31639161.html>

Azattyq. (2022q, January 4). Нұр-Сұлтан полициясы Азаттық тілшісі Дархан Өмірбекті 4,5 сағат себепсіз ұстап, босатты. *Азаттық радиосы.* <https://www.azattyq.org/a/31639443.html>

Azattyq. (2022r, January 4). Полиция Алматының екі жерінде шеруге шыққан 150-дей адамды ұстады. Арасында Жанболат Мамай бар. *Азаттық радиосы.* <https://www.azattyq.org/a/31639116.html>

Azattyq. (2022s, January 4). Қаскелеңде “Қазақстан - үлкен түрме” деген акция өткізген жеті белсендіні полиция қамады. *Азаттық радиосы.* <https://www.azattyq.org/a/31638822.html>

Azattyq. (2022t, January 4). Қазақстанда Orda.kz және ҚазТАГ сайттары ашылмай қалды. *Азаттық радиосы.* <https://www.azattyq.org/a/31639017.html>

Azattyq. (2022u, January 4). Шымкентте “Шал кет!” деп ұрандаған бірнеше мың адам әкімдікке қарай бет алды. *Азаттық радиосы.* <https://www.azattyq.org/a/31639208.html>

Azattyq. (2022v, January 4). Таразда Жаңаөзендегі наразыларды қолдаған журналистерді полиция алып кетті. *Азаттық радиосы.* <https://www.azattyq.org/a/31639007.html>

Azattyq. (2022w, January 4). Теңіз кенішінде жұмысшылар Жаңаөзенді қолдап, жұмысты тоқтатты. *Азаттық радиосы.* <https://www.azattyq.org/a/31638559.html>

Azattyq. (2022x, January 4). Тоқаев наразыларды “ел тұтастығына сызат түсіруді көздейтін топтардың үндеуіне құлақ аспауға” шақырды. *Азаттық радиосы.* <https://www.azattyq.org/a/31639138.html>

Azattyq. (2022y, January 4). Үкімет Маңғыстау облысында наразылардың бастама тобымен “келіссөз жүргізіп жатқанын” хабарлады. *Азаттық радиосы.* <https://www.azattyq.org/a/31638772.html>

Azattyq. (2022z, January 4). Үкімет Маңғыстауда сұйытылған газ 50 теңге болатынын хабарлады, бірақ митинг тарқайтын түрі жоқ. *Азаттық радиосы*. <https://www.azattyq.org/a/31639090.html>

Azattyq. (2022aa, January 4). “Үкімет отставкаға кетсін! Шал кет!” Ақтау мен Жаңаөзенде халық алаңнан тарқамады. *Азаттық радиосы*. <https://www.azattyq.org/a/31638443.html>

